



ГУМАНИТАРЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Халықаралық Қызыл крест комитетінің президенті Мирьяна Сполярричпен кездесті.



Кездесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бейтарап мандат негізінде әрекет ететін Халықаралық Қызыл крест комитетінің бірегей сипатына тоқталып, гуманитарлық көмекті саясиландыруға болмайтынын атап өтті.

— Халықаралық Қызыл крест комитеті дүниежүзіндегі гуманитарлық ынтымақтастық жүйесінде аса маңызды рөл атқарады. Халықаралық құқық нормаларын нығайтуға қосқан үлесіңізді жоғары бағалаймыз. Сіз басқаратын Ұйым мен басқа да халықаралық беделді құрылымдар баршаға ортақ адамзат құндылықтарын насихаттауға елеулі үлес қосып келеді. Әсіресе, бұл іс адамдар көмекке мұқтаж аймақтарда өте маңызды, — деді Президент.

Қазақстан Халықаралық гуманитарлық құқыққа саяси бейілділікті күшейту жөніндегі жаһандық бастама көтерген алты мемлекеттің бірі саналады. Бұл ретте соғыс кезіндегі адамгершілік тақырыбы бойынша жыл соңына қарай Иорданияда өтетін жоғары деңгейдегі Конференцияға дайындық мәселелері пысықталды.

Мирьяна Споляррич Халықаралық Қызыл крест комитетінің қызметіне қолдау көрсеткені үшін Қазақстан тарапына ризашылығын білдірді. Оның айтуынша, тоқсаншы жылдардан бері еліміз бен Ұйым арасында қалыптасқан сындарлы диалог дәйекті түрде дамып келеді.

— Мемлекеттердің қолдауы өте маңызды. Сіз мұны орынды атап өттіңіз. Женева конвенциясына барша ел қатысады. Алайда бұл құжаттың ықпалы аталған нормаларды мемлекеттердің қаншалықты қорғап, қолдауға әзірлігіне байланысты, — деді ХҚКК басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мирьяна Споляррич халықаралық және гуманитарлық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылап, Қазақстан мен Ұйым арасындағы серіктестікті одан әрі нығайтуға мүдделі екендерін растады.

ҚЫЗҒАЛДАҚ ГҮЛ, ҚЫЗҒАЛДАҚ ҚЫЗ ҚҰЛПЫРҒАН...

Сабыннан жасалған гүлге таңғалмайтын шығарсыз, алайда зефирден жасалған гүлді көріп пе едіңіз? Зефир қызғалдақтың нәзіктігі сонша – жеуге қимайсың, бірақ бұл – жаңадан шыққан ерекше тәтті.



ӘЙЕЛДЕР – ДАНАЛЫҚ ПЕН СҰЛУЛЫҚТЫҢ НЫШАНЫ



Мемлекет басшысы Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты іс-шарада сөз сөйледі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев алдымен салтанатты іс-шараға қатысушыларды көктемнің шырайлы мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады.

— Ең алдымен, көктемнің шырайлы мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен баршанызды шын жүректен құттықтаймын! Бұл мейрам – мейірім мен жылулықтың, даналық пен сұлулықтың нышаны. Әйел – тіршіліктің тірегі, берекенің бастауы. Бұл – ақиқат. «Бесікті де, әлемді де тербеткен» әйелдің жүрегі – ізгіліктің мекені. Сондықтан әйелдің қадірі – елдің қадірі деп айтсақ артық болмайды. Бүгін мен Ақорда төрінде Сіздерге және барша Қазақстан әйелдеріне зор ризашылығымды және алғысымды айтамын.

Халқымыз қай заманда да анасын ардақтаған, қарындасына қорған болған, қыздарын сыйлап, төрінен орын берген. Жұртымыз ең киелі құндылықтарға «Ана» сөзін қосып, «Отан Ана», «Жер Ана», «Ана тілі» деп көне заманнан бері айтып келеді. Бабаларымыз «Атадан – өсиет, анадан – қасиет» деген. Осы мағынасы терең дәстүр қазіргі құбылмалы, күрделі заманда міндетті түрде өз жалғасын табуы керек. Бұл мақсатты орындау – ұрпақтар алдындағы парызымыз. Өйткені ұлтымыздың болмысы, тілі мен ділі, салт-дәстүрі ұрпаққа ананың аялы алақанымен, тағылымды тәрбиесімен дариды.

Төл тарихымызда ер-азаматтармен бірге ерлік пен елдіктің туын биік ұстаған арулар көп болған. «Қыздың қырық жаны бар» деп халқымыз бекер айтпаған. Рухы мықты қайсар қыздарымыз ұлт жылнамасында өшпес із қалдырған. Тұмар ханым, Айша бибі, Домалақ ана, Сүйінбике, Айғаным ханша мен Зере ананың есімдері ел жайында мәңгі қалады. Бүгінде Сіздер аса құрметті аналарымыз және апаларымыз салған дара жолды лайықты жалғастырып келесіздер. Қыз-

дарымыз ел игілігі жолында табысты еңбек етіп, Қазақстанның дамуына орасан зор үлес қосуда, — деді Мемлекет басшысы.

ЕЛГЕ ЕҢБЕГІ СІҢГЕН АРУЛАР

Президенттің сөзінше, қиындығы мен сын-қатері қатар жүретін аса жауапты қызметтерде жұмыс істейтін нәзік жандылар аз емес. Олар Отан алдындағы парызына адал болып, елімізде Заң мен тәртіптің орнығуына атсалысып жатыр. Әділ сот төрелігін жүзеге асырып жүрген судьялардың жартысынан көбі – әйелдер. Сондай-ақ Төтенше жағдайлар, Прокуратура, Ішкі істер, Қорғаныс және арнаулы қызмет саласында 45 мыңнан астам әйел еңбек етуде.

— Жакында Дубайда күштік құрылымдар мен арнайы жасақтардың SWAT Challenge жарысы өтті. Аса беделді халықаралық сайыста еліміздің «Томирис» құрамасы ешкімге дес бермей, қыздар арасында үздік атанды. Олар байрақты бәсекеде шыдамдылық пен шеберліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл Әлия Молдағұлова және Мәншүк Мәметованың даңқты жолын үзбей келе жатқан нағыз батыр қыздарға тән қасиет екені сөзсіз.

Сонымен қатар бүгін мен ғылымда, өнерде, спортта, денсаулық сақтау саласында, мемлекеттік қызметте, бизнесте және ел өмірінің басқа да маңызды салаларында табанды еңбек етіп жүрген әйелдердің көп екенін атап өткім келеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы орайда Мемлекет басшысы жарты ғасырдан аса уақыт медицина саласында еңбек етіп жүрген Марфуға Әжіғалиеваны еліміздің жоғары наградасы – «Отан» орденімен марапаттайтынын айтты. Сондай-ақ Жетісу облысындағы шаруа

қожалығының жетекшісі, 50 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Шакира Ыдырысованы бірінші дәрежелі «Еңбек данқы» орденімен марапаттады. Шахматтан әлемнің үш дүркін чемпионы Бибисара Асаубаева ел мерейін өсіріп, қазақты нағыз зияткер ұлт ретінде жер жүзіне танытып жүр. Президент осы тұста әйгілі шахматшыны II дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттайтынын мәлім етті.

— «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы Парламент Сенаты Төрағасының орынбасары, қаржы саласының тәжірибелі маманы Ольга Перепечинаға, Мәжіліс депутаттары Снежанна Имашева мен Екатерина Смышляеваға беріледі. Бұл жоғары атаққа көрнекті ғалым, мұнай-газ саласындағы өнертапқыш Мәнсия Бабашева да ие болды. Алматы қаласындағы №95 мектеп-лицейінің химия пәні мұғалімі Татьяна Белоусоваға «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы берілді. Осы атаққа азаматтық ұстанымымен белгілі, әсіресе, білім беру саласындағы мәселелерді жиі көтеріп жүрген Мәжіліс депутаты Ирина Смирнова да лайық.

Өткен аптада ғана Кристина Шумеева конькимен жүгіруден жастар арасындағы бес дүркін әлем чемпионы атанып, Қазақстанның абыройын асқақтатты. Бүгін оған «Парасат» ордені табысталады. «Парасат» орденімен белгілі жазушы, аудармашы, тіліміздің нағыз жанашыры Камал Әлпейісова марапатталады. Арамызда отырған Мария Зейнелованың ерен еңбегін де атап өту қажет. Ардагер маман Наурызым қорығында 43 жыл жұмыс істеп, табиғатты қорғау ісіне зор үлес қосты. Ал Айсұлу Шуақбаева 40 жылдан астам мұнай өндіру саласында қажырлы еңбек етіп, ел игілігін арттыруға атсалысып келеді. Өз міндетін мінсіз атқарып жүрген мамандар «Құрмет» орденімен марапатталады.

АҚОРДА

7 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

ӘЙЕЛДЕР – ДАНАЛЫҚ ПЕН СҰЛУЛЫҚТЫҢ НЫШАНЫ

(Басы 1-бетте)

Осы залда қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдері де бар. Олар білімді, ойы ұшқыр, шығармашыл және отаншыл ұрпақ тәрбиелеуге мол үлес қосып жүр. Осыған орай, тәжірибелі педагог Жанна Левковичке «Құрмет» ордені, ал жас мұғалім Мария Суринаға «Шапағат» медалі табысталады. Тікұшақ пилоты Акерке Шопатаеваның еңбегі аса маңызды десек кате болмайды. Ол талай мәрте орман өртінен сәлдіруге және баска да құтқару жұмыстарына қатысып, кәсіби тұрғыдан білікті маман ретінде қажырлы қызмет етуде. Бүгін оған «Ерен еңбегі үшін» медалі беріледі. Бұдан бөлек, Жапониядан келген белгілі өнерпаз Сузуки Канон да осы салтанатты іс-шараға арнайы шақырылды. Сузуки ханым Қазақстанда балет өнерін дамытуға белсене атсалысуда. Сондықтан оны «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттаймын, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Отанымыздың көркейіп, гүлденуіне зор еңбек сіңіріп жүрген аруларды мақтан тұтатынын, оларды жас буынға үлгі ететінін жеткізді. Президенттің айтуынша, «Отан отбасынан басталады» деген сөздің терең өрі жан-жақты мағынасы бар. Қазақ әйелдері шаңырақтың ырыс-берекесін арттырып, өнегелі ұрпақ өсіріп отыр. Отбасындағы қасиетті миссиясы мен Отан алдындағы қастерлі міндетін қатар атқарып жүр.

— Мен мұны елге деген сүйіспеншіліктің көрінісі және үлкен еңбектің арқасы деп санаймын. Әр отбасында тұрақтылық, береке-бірлік пен ырыс-несібе болса, Отанымызда өсіп-өркендейді. Әйел — ұлттың жан дүниесі десек, артық айтқандық емес. Олар — шабыттың қайнар бұлағы, шығармашылық мұзасы, әдемілік эталоны. Әлемдегі сұлулықтың бәрі әйел бейнесімен астасады. Еліміздің дамуында әйелдер қауымының рөлі орасан зор. Кез келген жұмыста, мектепте, университетте, кәсіпорында, медициналық мекемеде, әскери бөлімде және басқа ортада болсын, әдетте әйелдер айрықша еңбек-сүйіспеншілігімен, асқан жауапкершілігімен үлгі көрсетеді. Қыз-келіншектердің ынтық-жарық, мұқият, жинақы, сондықтан оларға көбірек сенім артады. Әдетте «нәзік жанды» деп атаймыз, бірақ, шын мәнінде, олар қиын сәттерде ерік-жігері мұқалмай, табанды мінезі мен төзімділігі, шешімталдығы арқасында ерлікке парапар іс атқарады.

Адамзаттың көркем жаратылысы саналатын айымдарымыз нәзіктігіне қарамастан көп міндетті, тіпті әйелдерге тән емес ауыртпалықты мойымай көтеріп жүр. Әйелдердің басты құпиясы да, әу бастағы табиғи болмысы да осында. Ұлттың болашағы әйелдерге байланысты десек қателеспейміз, — деді Мемлекет басшысы.

ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ ЖАРШЫЛАРЫ

Президенттің сөзінше, әйелдердің адалдығы, ұқыптылығы, еңбекқорлығы, ал керек болса, батырлығы мен қайсарлығы бәрімізге белгілі. Әйелдің осындай ерекше болмысының арқасында қоғамда адами құндылықтар қалыптасып, елімізде сенім мен келісім, өзара тілеуестік рухы орнайды. Қазір Қазақстан ауқымды жаңғыру жолына түсіп жатқан кезеңде әйелдердің жасампаздық рөлі арта түсетіні анық. Республикалық референдумға шығарылған халық Конституциясының жобасы мемлекетіміздің болашағын, даму бағдарын айқындайтын тарихи құжат деп айтуға толық негіз бар.



— Әлемдегі ахуал ұшығып тұрған уақытта жаңа Конституция Тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтады, еліміздегі барлық қоғамдық-саяси институттардың қызметіне жаңа серпін береді. Жаңа Конституция жобасының негізгі арқауы — Қазақстанның Тәуелсіздігін, Егемендігі мен территориялық тұтастығын, азаматтарымыздың құқықтары мен еркіндігін қорғау. Ата Заңның жаңа жобасында көптеген дамыған елде кездесе бермейтін нақты әлеуметтік нормалар кеңінен қамтылған. Мен бұған сенімдімін. Конституциядағы аталған ережелер мемлекетіміздің әлеуметтік сипатын күшейте түседі.

Қазақстанда халықты әлеуметтік қолдау жүйесі өте жақсы дамыған. Мемлекет осы саладағы өз міндеттемелерін мұлтіксіз әрі уақытылы орындап келеді. Жүзден астам неше түрлі әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер бар, тегін қамтамасыз етілетін бағдарламалар көп. Бұл — бүгінгі күннің жағдайы. Ал біз ертеңгі күнге, алыс болашаққа қарауымыз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, ең бастысы — адам капиталын жақсартып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру. Сондықтан біз білімді, еңбекқор, жасампаз ұрпақты, яғни адал азаматтарды тәрбиелеуге баса мән беруіміз қажет. Еліміз үшін бұл — аса маңызды стратегиялық міндет.

— Қазақстан әлеуметтік саясатқа әрдайым жауапкершілікпен қараған. Шын мәнінде, мұқтаж азаматтарымызға нақты, атаулы көмек көрсетіледі. Бұл саясат алдағы уақытта да жалғасады. Мысалы, елімізде бала дүние келген кезде тиісті әлеуметтік төлемдер жасалады. Берілетін қаржының көлемі жоғары. Бұдан бөлек, сәби бір жарым жасқа толғанша жөргекпұл төленеді. Көптеген мемлекетте, соның ішінде Еуропаның бай-қуатты елдерінде әйелдер екі-үш айдан кейін жұмысқа шығуға мәжбүр. Ал Қазақстанда жас аналар үш жылға дейін үйде отырып, бала тәрбиесімен алаңсыз айналыса алады. Сондай-ақ олардың жұмыс орны сақталады, декреттік демалыстағы уақыты еңбек өтіліне қоса есептеледі.

Мемлекет басшысы ретінде мен ана мен баланы қолдауға айрықша мән беремін. Мұны Президенттің басқа да қызметтік міндеттемелері сияқты аса маңызды іс деп санаймын. Бұл бағытта қажетті заңнамалық және институционалдық шаралар қабылданды. Енді, міне, отбасы институтын қоғамның тұрақты дамуының өте маңызды факторы ретінде Конституция денгейінде күшейтеміз, — деп нақтылады Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Неке — ер мен әйелдің мемлекеттік заңға сәйкес тіркеген ерікті және тең құқықты одағы» деген норма алғаш рет бекітіліп отырғанына зер салды. Мұндай заң ережесі балалардың құқықтарын қорғауға, сондай-ақ әйелдер мен аналардың отбасындағы рөлін нығайтуға мүмкіндік береді. «Неке және отбасы, ана, әке мен бала мемлекет қорғауында болады» деген норма заманға сай жаңа мазмұнмен толықты. Құқықтық тұрғыдан анағұрлым дәл тіркестер арқылы қыздарды тұрмыс құруға мәжбүрлеу секілді ұят құбылыстарға Конституцияда тосқауыл қойылады.

— Отбасын қорғау мәселелері жөніндегі уәкіл қоғамдық лауазымын енгізу адам құқықтарының қорғалуы мен отбасы институтын күшейтетініне сенімдімін. Отбасы омбудсмені Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының бірінші орынбасары ретінде қызмет етіп, атқарылған істер туралы Мемлекет басшысына есеп беріп отырады. Мұндай жүйе тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын кешенді түрде жолға қоюмен қатар, отбасы саясатындағы басқа маңызды түйткілдерді шешуге мүмкіндік береді.

Халық Конституциясының жобасы референдумда жұртшылықтың жаппай қолдауына ие болған жағдайда, мемлекеттіміздің озық инновациялық жүйесін құруға зор мүмкіндік беретін болады. Сондай-ақ бас құжат жасанды интеллект және жаппай цифрландыру дәуірінде Қазақстанның тұрақты дамуына ұзақмерзімді және мызғымас негіз қалайтыны сөзсіз. Сондықтан осы маңызды міндетті орындау үшін ел өмірінің барлық саласына, атап айтқанда, әлеуметтік саясат пен иммиграцияны реттеу мәселесіне жаңаша көзқараспен қарап, тың тәсілдер әзірлеу қажет болады, — деді Мемлекет басшысы.

МЕМЛЕКЕТ АЛДЫНДА МАҚСАТ КӨП

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, стратегиялық әлеуетіміздің кілті инфрақұрылым, технология, білім және ғылым салаларында жатыр. Ұлтты прогресс жолымен өрге сүйрейтін, елімізді өткеннің таптаурын, қасаң түсініктерінен ада өркениетті әрі үйлесімді қоғамға айналдырудың алғашқы қадамдары осы салалардан бастау алуы керек.

— Алайда жарқын болашаққа қарай ұмтылу түп-тамырыңды ұмыту деген сөз емес. Мәселе — жаһандық үдерістерге еліктеу туралы да емес, алдымызда тұрған мақсат — болмысымызды жоғалтып, бабаларымыз аманат еткен Ұлы даланың баға жетпес

мұрасын жадымыздан шығарып алмау. Оған біздің құқымыз жоқ. Дегенмен «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дейді. Біз көне заманнан бері келе жатса да, қазіргі дәуірге сай келетін құндылықтарды ғана пайдалануымыз керек. Сонда ғана дүниежүзінде нағыз жасампаз ұлт ретінде мойындаламыз.

Конституциямыздың жаңа жобасы мәдени кодымызды сақтап, жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайтуға мүмкіндік береді. Осылайша, еліміздің Бас құжаты халқымызды дәстүр мен даму үйлесім тапқан даңғыл жолға түсірмек. Қуатты және тұрақты экономикасы бар Әділетті, бәсекеге қабілетті Қазақстанды құруға жетелейтін орнықты дамудың институттық және құқықтық негіздері Конституция жобасында көрініс тапты.

Ал қазіргі Ата Заңымыз қабылданған шақта Қазақстан еңсесін енді тіктеп жатқан еді. Ол кезде Егемендікті сақтап қалу, билік институттарын құру, елдегі тұрақтылықты қамтамасыз ету міндеттеріне басымдық берілді. Бүгінгі Конституция еліміздің қол жеткізген барлық жетістігінің бастауында тұрды. Бұл — Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасы. Қазір Қазақстан — халықаралық беделі биік, саяси жүйесі мығым, экономикасы орнықты дамып жатқан қуатты мемлекет. Шетелдегі саясаткерлер мен сарапшылар елімізді ірі орта мемлекет ретінде мойындап, құрмет білдіруде, — деді Президент.

Мемлекет басшысы БҰҰ Жарғысының негізіне айналған халықаралық құқық сақталуы қажет екенін айтты. Бұл — Қазақстанның нақты ұстанымы. Еліміздің Конституциясында ұлттық заңнама талаптарын ескермей, оны екінші орынға қоятын екішұтты ереже болмауы керек.

— Ата Заңымызда Қазақстан халқының бірлігін, этносаралық, конфессияаралық келісімді, толеранттылықты нығайтатын нормалар бар. Бұл — біздің саяси, рухани құндылықтарымыз. Сондықтан оны құқықтық тетіктер арқылы күллі қоғам болып қорғауға міндеттіміз. Қазақстанның экономикасы Орталық Азия мен Кавказ өңіріндегі ең үлкен экономика саналады. Қазақстан дүниежүзіндегі ең ірі 50 экономиканың қатарына қосылды. Бұл 20 миллион халқы бар ел үшін жақсы нәтиже деп айтуға болады.

Ал жаңа Конституцияны қабылдау, бұл — уақыт талабы, мемлекетіміздің алдында тұрған өзекті, шұғыл міндет. Бас құжаттың жобасы Қазақстанның тұғыры берік, бағдары айқын, алысқа көз тігетін озық ойлы екенін көрсетеді. Оның әр нормасы ұлт мүддесіне қызмет етеді. Ата Заң жобасында Әділдік пен Отаншылдық, Заң мен Тәртіп, Тазалық пен Адалдық қағидаттары айқын көрініс тапты, — деп қосты Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жиын соңына қарай ұлт болып тарихи жолдың торабына жеткенімізді, енді халқымыз жалпыхалықтық референдумда ел тағдырына әсер ететін таңдауын жасайтынын айтты. Сонымен қатар жақын арада жаңа Конституцияның мән-маңызына кеңірек тоқталатынын сөз етті.

— Осы жерде Қазақстанның әр аймағынан келген көптеген мамандық иелері отыр. Сіздер түрлі салада табысты жұмыс істеп, еліміздің әлеуетін арттыруға атсалысып келесіздер. Әділетті Қазақстанды өздеріңіз сияқты жауапкершілігі мол, жасампаз, көзі ашық, тиянақты, еңбекке адал азаматтар құрып жатыр. Мен мұны үлкен ризашылықпен атап өткім келеді. Бәріңізді зор құрметке лайық деп санаймын. Сондықтан бүгін мен Сіздерді жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойдым. Баршаныңа құтты болсын! Сіздерге амандық және табыс тілеймін, — деп қорытындылады Мемлекет басшысы.

Бұдан соң Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық әйелдер күніне арналған концертті жұртшылықпен бірге тамашалады.

«Астана Опера» театрының сахнасында Қазақстанның танымал мәдениет қайраткерлері мен шығармашылық ұжымдары өнер көрсетті.



ИРАН ЕЛШІЛІГІНДЕ КӨҢІЛ АЙТУ КІТАБЫНА ЖАЗБА ҚАЛДЫРДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Иранның Қазақстандағы елшілігіне барып, қайғылы оқиғалар салдарынан аталған елдің рухани көшбасшысы аятолла Сейед Әли Хаменеидің, мемлекет басшылығы өкілдерінің және бейбіт тұрғындардың қайтыс болуына байланысты Иран халқына көңіл айтты.

Мәулен Әшімбаев Иранның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Әли Акбар Джоукармен кездесіп, көңіл айту кітабына жазба қалдырды.

«Ирандағы қайғылы оқиғалар салдарынан Иран Ислам Республикасының рухани көшбасшысы аятолла Сейед Әли Хаменеи мен елдің басшылық өкілдерінің, сондай-ақ бейбіт тұрғындардың, оның ішінде балалардың қаза болғаны туралы суыт хабарды ауыр күйзеліспен қабылдадық. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың, Қазақстан халқының және Парламенттің атынан барша Иран халқына және қаза тапқандардың туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз. Мемлекет басшысы халықаралық дау-жанжалдар мен шиеленістерді тек саяси-дипломатиялық жолмен және БҰҰ Жарғысы мен халықаралық құқықтық нормалары аясында шешу қажет екенін үнемі айтып келеді. Қарулы қақтығыстар кезінде бейбіт халық пен азаматтық нысандарды қорғау басты міндеттердің бірі

екені анық. Қазақстан бұл бағыттағы жаһандық бастамаларды қолдай отырып, кез келген жағдайда адамгершілік қағидаттарға табан тіреу және халықаралық шиеленістер мен қақтығыстарды диалог пен келіссөздер арқылы шешу керектігін ерекше атап өтеді. Жағдай тезірек тұрақталып, жанжал реттеледі деп үміттенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Әли Акбар Джоукармен әңгімелесу барысында Иран Қазақстанның жақын көршісі және серіктесі екені атап өтілді. Сондай-ақ Сенат Төрағасы еліміздің қақтығысты бейбіт жолмен шешуге жәрдемдесуге дайын екеніне тағы бір назар аударды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейін бірқатар араб мемлекетінің басшыларына қалыптасқан қиын ахуалға байланысты қолдау білдіріп, көңіл айтты. Соның аясында Қазақстан бауырлас араб елдеріне кез келген көмек көрсетуге дайын және олардың жоғары басшыларымен тұрақты жұмыс байланыстарын жалғастыруға үмітті екеніне де мән берілді.

ЖАСЫЛ ЭНЕРГИЯ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДЕРДІ ҚАРАЙДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Депутаттарға 2024 жылғы 13 қарашада Бакуде жасалған Әзербайжан, Қазақстан және Өзбекстан арасындағы жасыл энергияны өндіру және беру саласындағы стратегиялық әріптестік туралы келісімді қарау ұсынылады. Құжат ұшжақты іс-әрекеттің тұрақты моделін қалыптастыруға және жаңартылатын энергия көздері саласындағы ұзақмерзімді ынтымақтастықты дамытуға бағытталған. Онда ЖЭК әлеуетін тиімді пайдалану, тараптар арасында, сондай-ақ Еуропа мемлекеттерімен және басқа аймақтармен арада экологиялық таза электр энергиясы саудасын дамыту қарастырылады. Сондай-ақ жасыл электр энергиясын орнықты әрі болжамды экспорттау үшін Орталық Азия мен Әзербайжанның энергожүйелерінің өзара байланысын қамтамасыз ету жоспарланған.

Сонымен қатар Мәжілістің қарауына 2023 жылғы 4 мамырдағы Ел-

дер арасындағы өзара одақтастық іс-әрекет туралы декларацияны дамыту шеңберінде әзірленген Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы одақтастық қатынастар туралы шарт енгізіледі. Құжат аясында саяси, экономикалық, әскери, әлеуметтік, ғылыми, технологиялық, мәдени және гуманитарлық салалардағы әртүрлі және көпқырлы өзара іс-қимылдың нысандары мен тетіктерін жетілдіру көзделеді.

Жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасына 2023 жылғы 8 маусымда Сочиде қол қойылған ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу кезіндегі өзара іс-қимылы туралы келісім де енгізілді.

Бұдан бөлек, Мәжіліс Қазақстан мен Катар Мемлекеті арасындағы қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы жаңа заң жобасы жұмысқа қабылдауды жоспарлап отыр.

Парламент Сенатында Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Онда палата Төрағасы Мәулен Әшімбаев әріптестерін құттықтап, оларға Қазақстанның өсіп-өркендеуіне қосқан жасампаз үлесі және жоғары кәсіби біліктілігі үшін берілген мемлекеттік наградаларды салтанатты түрде тапсырды.

Салтанатты рәсім барысында Мәулен Әшімбаев әйелдердің мемлекеттілікті нығайтуға және елдің дамуына қосқан елеулі үлесін ерекше атап өтті. Сондай-ақ ол қазір әйелдердің ролі отбасымен ғана шектелмейтінін, олар елдегі қоғамдық-саяси үдерістердің маңызды қозғаушы күшіне айналғанын айтты. Сенат Төрағасы мұндай сапалы өзгерістер Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалар мен жүйелі қолдаудың нақты нәтижесі екенін де тілге тиек етті.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫН НЫҒАЙТАДЫ



«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен соңғы жылдарда елімізде ауқымды жаңғыртулар

жүзеге асырылып келеді. Сол өзгерістердің дәйекті жалғасы ретінде конституциялық реформа қолға алынды. Бұл шешім еліміз

үшін тарихи қадам болды. Конституциялық реформаның стратегиялық мақсаты – Әділетті, демократиялық, әлеуметтік, инновациялық және прогрессивті Қазақстан құру. Осы ретте отбасы институтын нығайтуға, ұлттық құндылықтарды қорғап дәріптеуге, аға буынға қамқорлық көрсетуге бағытталған жаңа конституциялық нормалардың маңызы айрықша зор. Жаңа Конституция жобасы әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, олардың қоғамдық, кәсіби және саяси өмірге белсенді қатысуына жол ашу, сондай-ақ өз әлеуетін жан-жақты жүзеге асыруына жағдай жасау тұрғысынан да ерекше мәнге ие», – деді Мәулен Әшімбаев.

Мәулен Әшімбаев депутаттардың кәсіби біліктілігі мен Сенат аппараты қызметкерлерінің жүйелі әрі жауапты жұмысының арқасында палатаның қызметі тұрақты әрі тиімді жүргізіліп отырғанын айтты. Палата Төрағасы әріптестеріне өз ісіне адалдықтың озық үлгісін көрсетіп келе жатқаны үшін алғыс білдіріп, оларға зор денсаулық, бақ-береке және жаңа жеңістер мен жетістіктер тіледі.



7 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ



ПАВЛОДАР ТҰРҒЫНДАРЫ КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫНА ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық Коалициясы Павлодар облысының тұрғындарымен кездесті. Қоғам өкілдері, өндіріс саласының мамандары, жастар және аймақ белсенділері жаңа Конституцияның маңыздылығы мен оның өңірге және елге әкелетін мүмкіндіктері туралы пікірлерімен бөлісті.

Жалпыұлттық референдум қарсаңында Коалиция өңірлерде, оның ішінде ең шалғай елді мекендерде де 12 мың іс-шара өткізді. Миллиондаған қазақстандық жаңа Конституцияны қабылдаудың маңыздылығын түсініп, құжатта қамтылған құндылықтардың өздері үшін өзекті екенін айтып, елдің дамуы мен өз жоспарларын іске асыруға берілген үлкен мүмкіндік деп санайды. Бұл туралы Коалиция мүшелері Павлодар облысының орталығындағы қалалық Мәдениет сарайында өңірдің қоғамдық өкілдерімен өткен кездесуде айтты. Жиынға шамамен 900 адам жиналды.

Өңір тұрғындарымен әңгіме барысында Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы ұсынған жаңа Конституция жобасы халықтың және белсенді азаматтардың сұраныстары мен ұсыныстарына негізделгенін атап өтті. Парламенттік реформаны дайындау кезінде Конституциялық комиссияға қазақстандықтардан 10 мыңнан астам ұсыныс пен өтініш келіп түсті. Мәжіліс Спикері Павлодар облысының ғалымдары, тұрғындары, сарапшылары мен қоғам өкілдері осы ірі тарихи кезеңнің белсенді қатысушыларының бірі болғанын атап өтті.

— Қоғамның талабын және заман тынысын терең түсіне отырып, Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда ұсынған өзгерістердің ауқымы мен маңыздылығы жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар екенін атап өтті. Бұл Конституциялық комиссияның жұмысы барысында нақтыланды. Біз бәріміз Президенттің жобаны әзірлеу процесін өз бақылауында ұстап, комиссия басшыларын және мүшелерін үнемі қабылдап отырғанына куә болдық. Осы кездесулерде Президентіміз жаңа Конституцияның тұжырымдамалық идеяларына, негізгі қағидаттары мен іргелі құндылықтарына қатысты бағыт-бағдарды айқындап, олардың мәні мен мазмұнын белгіледі. Сондықтан Жалпыұлттық коалиция атынан біз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев біздің Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның жаңа халықтық Конституциясының бастамашысы әрі архитекторы болды деп нақты айта аламыз, — деді Ерлан Қошанов.

Ол жаңа Конституция азаматтардың сұранысын ескере отырып, саяси жүйе мен барлық қоғамдық институттарды жаңа жағдайда жаңғыртуға бағыт беретін маңызды құжат екенін атап өтті. Кездесу қатысушылары жаңа Конституция жобасын осы уақыт ішінде қоғамда кеңінен талқыланудың арқасында терең түсінгендерін айтты. Бұл қағидаттар құжаттың кіріспе бөлімінен бастап-ақ айқын көрініс тапқан.

«Торайғыров университетінің» аға оқытушысы, саясаттанушы Борис Поломарчук жаңа Конституция Қазақстан халқының өртүрлілігін нағыз күшке айналдыратынын, ал ұлтаралық келісім — болашақ қауіпсіздігінің кепілі екенін және жаңа Конституция осы міндетке жауап беретінін атап өтті.

Университет доценті Айман Зейнулина жаңа Ата Заң жобасында қай заманда да қазақ интеллигенциясының мұраты болған құндылықтар мен мән жиылып, тоғысқанын айтты. Бұл — әділет пен заңның үстемдігі, ғылым мен білімнің дамуына басымдық, адамға бағдарланған мемлекет және интеллектуалды, прогрессивті ұлт құру бағыты.

Сөз сөйлегендер Конституция деңгейінде адамның абыройын, заң алдындағы теңдігін, шыққан тегі, ұлты, наным-ненесі діні бойынша кемсітушіліктің болмауын бекіту маңыздылығын, сондай-ақ елдің тағдыры бәрінің ортақ жауапкершілігі екенін көрсететін бірлік идеясына назар аударды.

Сонымен қатар павлодарлықтар жаңа Конституцияны қабылдаумен экология мәселелерін шешуге үлкен үміт артып отыр. Ата Заң жобасында жоғары экологиялық

мәдениет принципін және адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін ақпаратты жасыруға жауапкершілік енгізу азаматтардың жылдар бойғы өтініштеріне нақты жауап болды. Өнеркәсіптік аймақ тұрғындары бұл шараны табиғатты сақтау және халықтың денсаулығын қорғауға бағытталған әділ қадам деп санайды.

Жаңа Ата Заң жобасында бекітілген принциптердің тәжірибеде қалай іске асқаны туралы өңірлік TURGYNDAR AMANATY жобасының қатысушылары, яғни жергілікті тұрғындар өздері айтып берді. Жоба тұрғындардың үйлері мен аулаларындағы мәселелерді бірлесіп шешуге жағдай жасауға бағытталған.

Осы бастама аясында өңірлерде тұрғындар, Мүлік Иелерінің Бірлестігі (МИБ), ПИК, депутаттар және қалалық қызметтер арасындағы кешенді өзара әрекет моделі құрылды.

Мұндай жүйе тұрғындарға өз үйлерін басқаруға тікелей қатысуға және қабылданған шешімдер үшін жауапкершілік алуға мүмкіндік береді. Тұрғындардың пікірінше, бұл тәсіл Мемлекет басшысының қоғамның ел басқаруына қатысуын кеңейтуді мақсат еткен реформаларымен үндеседі. Оның логикалық жалғасы — жаңа Конституция жобасы, яғни әр азамат адал еңбек етіп, өз тағдырын өздігінен қалыптастыра алатын тең мүмкіндіктер қоғамының құқықтық негізі.

Жаңа Конституцияның қабылдануы аясында жастарға цифрлық ортада, білім, ғылым, мәдениет және саясат салаларында ашылатын жаңа мүмкіндіктер туралы Павлодар облысының креативті жастары өкілдерімен IT-колледжінде өткізілген ашық микрофон форматындағы кездесуде талқыланды.

Жастар Мемлекет басшысының жаңа Конституция жобасына енгізілген негізгі қағидалардың бірі — адам капиталының маңыздылығы екенін атап, осы стратегияны қолдайтынын және білімдері мен қабілеттерімен ел дамуына үлес қосуға дайын екенін білдірді. Сондықтан олар ғылыми зерттеулер жүргізуге, инновацияларды енгізуге, заманауи білім беру бағдарламаларына қолжетімділікті кеңейтуге және адал еңбекке нақты мүмкіндіктер ашатын жаңа Конституцияны тандайды. Студенттер осы нормалар Басты құжат деңгейінде бекітілгендігін арқасында өз болашағына сенімді қарап, туған елінде өмірі мен кәсіби қызметін жоспарлай алатынын атап өтті.

Павлодар алюминий зауытының алаңында облыстың алюминий кластері мен энергетикалық кәсіпорындары өкілдерімен мазмұнды әңгіме өрбіді. Талқылау барысында Коалиция мүшелері павлодарлық өндіріс қызметкерлерінің назарын еңбек адамының мүддесін қорғауға аударды. Жобада жұмыс орындарының қауіпсіз жағдайлары, әділ әрі кемсітпеген еңбекке төлеу, сондай-ақ заңға сәйкес әлеуметтік қорғау нормалары бекітілген. Мемлекет минималды әлеуметтік стандарттарды қамтамасыз етуге және жұмыспен қамтуды қолдауға міндеттеме алады. Өндіріс саласының өкілдері атап өткендей, бұл ережелер ірі өндіріс орындары мен энергетикалық нысандар үшін қолданбалы мәнге ие, яғни олар өндірістің қауіпсіздік пен еңбек ұжымдарының тұрақтылығына тікелей байланысты.

Павлодар облысының тұрғындары 15 наурызда өз пікірлерін ашық білдіріп, елдің тұрақты болашағын қалыптастыруға өз үлестерін қосуға дайын.

Жалпыұлттық Коалицияның баспасөз қызметі

Суретті түсірген: Талғат Таныбаев, Әли Ғалым
Дайындаған: «AMANAT MEDIA GROUP» ЖШС
Тапсырыс беруші: М.Ж. Оспанов
«AMANAT» партиясы» ҚБ қаражатынан төленді



Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
РЕФЕРЕНДУМ

«Есептен шығару куәлігі»

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18:00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елді мекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ – ХАЛЫҚ ҰСТАНЫМЫНЫҢ ҚАЗЫҒЫ

Кез келген мемлекеттің даму тарихы азаматтық қоғамның, халық ұстанымының еленуімен қабаттасып жататыны анық. Қазақстан да бұл бағыттан жаңылмады, бұған қоса, ел таңдауына ұсынылғалы отырған жаңа Конституция жобасында қоғамдық институттардың рөлі арта түскенін байқадық.

Бұл сөзіміздің айғағын жоба мәтінінен аңғарамыз. Мәселен, 4-баптың 1-тармағында «Қазақстан халқы – мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендік иесі» делінген. Яғни, қоғам мемлекеттік шешім қабылдау процестеріне қатыса алатынын білдіреді. Ал таяуда құрылуы мүмкін Халық Кеңесінің басты артықшылығы – талқылау алаңында айтылған қоғам пікірінің билікке жетуіне жол ашу. Жаңа құжаттағы 70-баптың 1-тармағында «Қазақстан Халық Кеңесі – Қазақстан Республикасы халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган» деп нақтылап жазылған.

Жалпы, жаңа Конституцияның авторлары сабақтастықты сақтай алды десек болады. Біріншіден, дәстүрлі қазақ қоғамында халықтың ұстанымын саяси билікке жеткізуші институттар болды. Тарихтан мысал келтірсек, Билер кеңесі мен Құрылтайды айта аламыз. Екіншіден, Кеңес дәуірін есепке алмағанда, Тәуелсіздік жылдары бұндай жалғастық жоғалған жоқ. 2019 жылы қоғам мен билік арасындағы диалогты күшейту үшін Қоғамдық кеңес құрылып, кейін Ұлттық құрылтайға ұласты. Мемлекеттік органдардың жанында ұсыныс беру үшін қоғамдық кеңестер жұмыс істейді. Қазақстан халқы Ассамблеясы ел аумағындағы жүздеген этностың құқықтарын қамтып, пікірін мінберлерге жеткізді. Әйтсе де, кейінгі өзгерістер, соның ішінде жаңа Конституция жобасы халықтың мемлекеттік шешім қабылдау істеріне қатысуын қаншалықты қамтамасыз етеді? Осы сауалдың жауабын сарапшылардан сұрауды жөн көрдік.

Ғазиз ӘБІШЕВ,
саясаттанушы:



ТАЛҚЫЛАУШЫ ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ҮЛГІСІ

– Халық Кеңесі – делиберативті (талқылаушы) демократия деп аталатын жүйеге жататын орган. Талқылаушы демократияның мәні терең, яғни мемлекет шешімдерді әзірлеу мен талқылау процесіне саяси логикамен әрекет ететін саяси мандат иелерін ғана

емес, азаматтық қоғам өкілдерін де тартады. Азаматтық қоғам өкілдеріне саяси қысым аз, олар электоралдық мүдделерге тәуелді емес. Сол себепті мұндай алаңда балама пікірлер, әртүрлі көзқарастардың айтылуына мүмкіндік туады. Әдетте, саяси күштер белгілі бір ортақ келісімге келіп, өз ұстанымдарын білдіреді. Алайда көп жағдайда саяси жүйеде негізгі 2-3 полярлы пікір ғана үстем болады. Мысалы, мұны Ұлыбритания парламентінен де көруге болады. Ал талқылаушы демократия органдары күн тәртібіне әлдеқайда кеңірек пікірлер мен ұсыныстарды шығаруға жол ашады.

Сондықтан, менің ойымша, бұған дейін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі мен Ұлттық құрылтай қандай рөл атқарса, енді Халық Кеңесі сол жолды жалғайды. Ол саяси жүйеге және қоғам мен билік арасындағы қарым-қатынасқа нақты ықпал ете ала ма, жоқ па – бұл қабылданатын конституциялық заңға және билік тарапынан қалыптасатын құқық қолдану тәжірибесіне байланысты. Яғни, билік өкілдері Халық Кеңесінің пікірлері мен ұсыныстарына қаншалықты құлақ асатынын маңызды.

Дегенмен Халық Кеңесінің Конституцияда бекітілуінің өзі – осы институтты нығайту жолындағы маңызды қадам. Қаншалықты тиімді болатыны оған қандай мазмұн мен өкілеттіктер берілетініне байланысты.

«Азаматтық қоғам өкілдеріне саяси қысым аз, олар электоралдық мүдделерге тәуелді емес. Сол себепті мұндай алаңда балама пікірлер, әртүрлі көзқарастардың айтылуына мүмкіндік туады.»

Азаматтық қоғамның рөлін күшейту мәселесіне келсек, Президент бұған дейін «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын ұсынғаны белгілі. Бұл қағидаттар, әсіресе күшті Президент туралы ұстаным жаңа негізгі заңда толық көрініс тапқан. Бұл – халық президенттік сайлауда Мемлекет басшысына үміткер тұлғаларды мұқият бағалап, сайланған Президентке айтарлықтай кең сенім мандатын береді деген ұстанымға негізделген. Одан кейін Мемлекет басшысы саяси жүйедегі күштер теңгерімін айқындайды.

Конституцияның 2-бабына сәйкес, Қазақстанда президенттік басқару нысаны бекітілген. Сондықтан Президент атқарушы би-

лік пен азаматтық қоғам арасындағы тепе-теңдікті айқындайды. Қажет болған жағдайда басқарудың тиімділігін арттыру үшін азаматтық қоғамның рөлін күшейтуі мүмкін. Ал сыртқы немесе ішкі саяси дағдарыстар кезінде мемлекеттік институттардың күшін біріктіруге де басымдық бере алады.

Жалпы алғанда, Қазақстан жаңа Конституцияны және конституциялық заңдарды әзірлеу барысында стратегиялық саяси бағытта айқындалған басымдықтарға сүйеніп, әлемнің әртүрлі елдеріндегі халықаралық тәжірибелерді ескереді. Әрине, қоғамдық институттар еліміздегі демократиялық процестердің дамуына ықпал ете алады. Бұл тұрғыда бизнес-қауымдастық та, азаматтық қоғам да, сондай-ақ саяси күштердің өзі де маңызды рөл атқарады.

Ардақ МОНТАЕВ,
саясаттанушы:



ТАЛҚЫЛАУДЫҢ ТҰРАҚТЫ ТЕТІГІ

– Халық Кеңесінің құрылуы қоғам мен билік арасындағы қоғамдық-саяси диалогтың бұрынғы жүйесімен салыстырғанда белгілі бір өзгерістерге әкелуі мүмкін. Егер бұл орган шын мәнінде әртүрлі әлеуметтік топтардың,

Үшіншіден, егер Халық Кеңесінің құрамына түрлі қоғамдық топтардың, кәсіби қауымдастықтардың және өңір өкілдері енсе, мемлекеттің стратегиялық шешімдерін талқылауда қоғамдық қатысу деңгейін арттырады.

Ұлттық құрылтай негізінен кеңірек қоғамдық пікір алмасу мен көзқарастарды біріктіру қызметін атқарды. Ал Халық Кеңесі неғұрлым институционалданған органға айналып, қоғамдық мүдделерді білдіріп, ішкі саясат пен қоғамдық келісім мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеуге қатысуы мүмкін. Алайда оның нақты маңызы ұсыныстарының мемлекеттік шешім қабылдау процесіне қаншалықты ықпал ететініне байланысты.

Әлемдік тәжірибеде мұндай органдар көбіне қоғамдық-консультативтік институттар қызметін атқарады. Олар азаматтық қоғам мен сарапшылар қауымдастығын мемлекеттік шешімдерді талқылауға тартуға мүмкіндік береді. Егер Халық Кеңесі де

осындай форматта жұмыс істесе, ол қоғамның билікке деген сенімін арттырып, ел дамуының маңызды мәселелері бойынша кең қоғамдық консенсус қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін.

Тағы бір маңызды норма – Халық Кеңесінің бүкілхалықтық референдум өткізу туралы бастама көтеру құқығының болуы. Бұл тікелей демократия элементтерін күшейтеді. Жалпы алғанда, аталған ережелер қоғамдық қатысу институттанандыруға және қоғам мен мемлекет арасындағы өзара әрекеттестіктің қосымша арналарының қалыптасуына бағытталған.

Қоғамдық институттардың дамуы – заманауи демократиялық жүйені қалыптастырудағы маңызды шарттардың бірі. Тиімді жұмыс істеген жағдайда мұндай институттар тұрақты даму мен қоғамдық келісімді қамтамасыз ететін маңызды факторға айналады.

Дайындаған
М.ТӨЛЕУ

**Әрқайсымыздың
дауысымыз маңызды!**

**15 НАУРЫЗ
РЕФЕРЕНДУМ**

**«Дауыс беруге арналған
бюллетень»**

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетеньді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетеньді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы

www.election.gov.kz



7 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ



2026 жылғы 15 наурызға белгіленген референдум жақындаған сайын Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа жобасы төңірегіндегі пікірталастар қыза түсуде, бірақ олардың мазмұны тереңдей қойған жоқ; сыншылар байсалды құқықтық талдаудың орнына әлеуметтік-популистік ұрандарды алға тартуда. Негізінде, мұндай пікірталастар – халықтың Негізгі заңға деген қызығушылығы мен бейжай қарамауының белгісі.

Сонымен қатар кейбір оппоненттер жаңа Конституция жобасы билікті абсолюттендіруге негіз қалайды деп табандап айтуда. Бірқатар сыншы конституциялық жаналықтардың мәніне үнілмей, 1995 жылғы Конституциядан өзгеріссіз көшірілген және ондаған жыл бойы қарсылық тудырмаған нормалардан құқықтар мен бостандықтарға қауіп төніп тұр деп санайды. Бұл екі тәсілге де ортақ бір кемшілік бар: конституциялық құқық пен конституциялық құрылыстың халықаралық стандарттарын жүйелі түсіну тапшылығы.

Конституциялық құрылыстың халықаралық деңгейде танылған стандарттарына сәйкес, Конституцияның функциясы – билік институттарын қалыптастыру және мемлекеттік өкілеттіктерді кім, қалай және қандай мақсатта жүзеге асыратынын айқындау. 1995 жылғы Конституция да, 2026 жылғы жоба да тұтастай алғанда осы стандарттарға сәйкес келеді және құқықтар мен бостандықтардың кең тізімін, билікті бөлу принципін, Конституцияның үстемдігін және сот бақылауы жүйесін қамтиды. Қазақстан 1995 жылдан бастап нормаларды заңды түрде міндеттейтін және сот арқылы қорғалатын ережелерге айналдыратын құқықтық конституция моделін формалды түрде таңдады. Алайда іс жүзінде конституциялық принциптер

мүмкіндік беретін институционалды негіз қалайды. Халықтың әл-ауқатын жақсарту Негізгі заңның мазмұнына ғана емес, құқық қолдану сапасына және саяси жауапкершілік деңгейіне байланысты.

Осы төрт кемшіліктің жиынтығы мемлекеттің қоғамдық қайшылықтарды шешу қабілетін төмендетіп, шынайы жаңа қоғамдық шартқа және нәтижесінде – жедел әрекет ететін, бір мандатты Парламентке деген сұранысты қалыптастырды.

Принципалды жаңа Конституцияны қабылдау саяси режим өзгергенде, легитимділік

Референдум конституциялық легитимация құралы ретінде айқын артықшылықтарға ие: ол Негізгі заңға халықтық заңдылық береді және іргелі нормаларды уақытша саяси көпшіліктің ерікті өзгертулерінен қорғайды. Сонымен қатар елеулі тәуекелдер де бар: азаматтардың электоралдық белсенділігіне жасанды кедергілер жасалған жағдайда, халықтың формалды қатысуы шынайы халық еркін білдірудің толықтығын әлсіретіп алу қаупін тудырады. Сондықтан да қазіргі сәттің негізгі міндеті – азаматтардың назарын ақпараттық шудыратын, қоғамды адастыра-

табиғи ресурстардың ашықтығы және азаматтардың құқықтарын қорғау саласында конституциялық принциптерді жүзеге асыратын заңдар пакетін қабылдау керек. Халықтық бақылаудың негізгі құралдарының бірі – қазақтың халық жиналысы дәстүрлеріне сүйенетін институт – Құрылтай туралы конституциялық заң болуға тиіс. Құрылтайдың сәндік емес, нақты өкілеттіктерге ие болуы принципті түрде маңызды: әрбір заң жобасына Үкіметтің рұқсатымен шектелмейтін заң шығару бастамасы құқығы; заңның орындалуы бойынша атқарушы билік органдарына тиімді сұрау салу құқығы; азаматтық мониторинг нәтижелері бойынша парламенттік тергеулерді бастау құқығы.

Үшінші басымдық – Цифрлық Парламент күнделікті халықтық егемендік құралы ретінде. Қоғамдық тыңдаулардың ағымдағы дәстүрлі механизмдері азаматтардың заң шығармашылығына тек формалды қатысуын ғана қамтамасыз етеді. Азаматтарға заң шығару қызметіне нақты ықпал ету тетіктерін ұсынатын цифрлық платформа құру қажет: жасанды интеллекті пайдалана отырып заң жобаларына тәуелсіз құқықтық талдау жасау, нақты түзетулер ұсыну және заң мәтіндерін жазу құралдары, заң нормаларының орындалуын және қоғамдық қатынастарға тиімді әсерін тексеру мақсатында олардың реттеушілік тиімділігіне нақты бағалау. Мемлекет басшысы 2025 жылғы 14 қазанда Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының бірінші отырысында атап өткендей: «Мүмкін, жақын арада e-Parliament елімізде қазіргі e-Gov сияқты танымал құралға айналар». Цифрлық Парламент құру – бұл технологиялық жоба емес, институционалды реформа: халықтық егемендікті конституциялық декларациядан азаматтық қатысудың күнделікті жұмыс істейтін құралына айналдыру.

Азаматтардың референдумда жаңа Конституцияны алдағы уақытта мақұлдауы – бұл конституциялық құрылыстың аяқталуы емес, оның ең күрделі практикалық іске асыру фазасының басталуы. Дәл осы кезеңде 2026 жылғы Конституцияның шынайы институционалды жаңғырту құралына айналды, айналмауы анықталады. Бүгінде қоғам алдында тұрған мақсат – жобаны декларативті түрде сынау емес, құқық қолдану тетіктеріне шоғырлану: азаматтардың әл-ауқаты Конституция мәтінімен емес, құқық қолдану сапасымен, соттардың тәуелсіздігімен және биліктің халық алдындағы шынайы жауапкершілігімен айқындалады.

Қанатбек САФИНОВ,
заң ғылымдарының докторы,
профессор, Мемлекеттік
басқару және құқық
институтының
директоры

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА – ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕАНИМАЦИЯ

көбіне жалаң мәлімдеме күйінде қалып келді.

1995 жылғы Конституцияға объективті талдау жасау негізгі кемшіліктерді төрт бағыт бойынша жүйелеуге мүмкіндік береді. Бірінші: Конституциялық мәтінді құрал ретінде пайдалану. Конституция толыққанды қоғамдық шарт емес, саяси легитимділік құралы ретінде жүйелі түрде пайдаланылды. Бейресми билік иерархиясы (шешімдерді құқықтық нормалар негізінде емес, бейресми келісімдер негізінде қабылдау тәжірибесі) конституциялық принциптер мен нормаларды сәндік элементке айналдырды. Құқық үстемдігі декларация күйінде қалды, сот жүйесінің тәуелсіздігі шартты болды, ал парламенттік бақылау әлсіреді.

Екінші: жинақталған түзетулердің жүйесіздігі. 30 жыл бойы жиі енгізілген пакеттік түзетулер конституциялық мәтіннің жүйелілігін бұзды. 91-баптың тарихы бұған айқын мысал: 2017 жылы «өзгертілмейтін» ережелер тізіміне Тұңғыш Президент – Елбасы мәртебесін енгізу «мәңгілік клаузулалардың» мызғымастық принципін бұзды және құқықтық екіұштылық жағдай тудырды. Бұл конституциялық архитектураның ішкі қайшылығын ашып көрсетті және оны тұтастай қайта қарау қажеттілігін растады.

Үшінші: декларация мен іске асыру механизмі арасындағы алшақтық. Кейбір өзгерістер – табиғи ресурстарға халықтың меншігін бекіту, азаматтардың құқықтарын кеңейту нақты құқықтық қолдану тетіктерімен қамтамасыз етілмеді. Билік берген конституциялық уәделер заң деңгейіндегі олқылықтар мен атқарушы органдарға шексіз өкілеттік беретін сілтемелік нормалар арқылы бөгеліп отырды.

Төртінші: Конституцияның әлеуметтік реттеу құралы ретіндегі шектеулілігі. Конституция өздігінен жемқорлық, экономикалық дағдарыс немесе әлеуметтік әділетсіздік мәселелерін шеше алмайды, ол тек мемлекеттік саясаттың тиімді болуына



дағдарысы туындағанда, «мәңгілік клаузулалар» бұзылғанда немесе қоғам тарапынан жаңа қоғамдық шартқа сұраныс туындауымен негізделеді. Қазақстандық контексте осы төрт негіз де бар. 2022 жылғы реформа 91-баптағы «мәңгілік клаузулалардың» мызғымастық принципін бұзды; жинақталған түзетулердің жүйелік сәйкессіздігі Негізгі заң архитектурасын тұтастай қайта пайымдауды талап етеді; 2022 жылғы қаңтар оқиғалары жаңа қоғамдық шартқа деген сұраныстың қалыптасуын жеделдетті; түптеп келгенде, қалыптасқан конституциялық дизайн тиімді мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету қабілетінен айырылды.

2022 жылы Тұңғыш Президенттің мәртебесі туралы ереже бүкілхалықтық референдум арқылы алынып тасталды, бұл мынаны айқын дәлелдеді: тіпті билік элементтеріне абсолютті сипат беру әрекеті оларды халықтық егемендік шегінен шығара алмайды. Ережелердің формалды өзгермейтіні емес, оларды қайта қарау мүмкіндігі биліктің абсолюттенуіне қарсы іргелі кепілдік болады. 2026 жылғы қазақстандық конституциялық сәтті алғашқы конституциялық құрылыс ретінде емес, «реанимациялық кезең» – бекітілген демократиялық принциптерді қалпына келтіру және олардың шынайы қолдануымен қамтамасыз ету ретінде қарастыру керек.

тың және мазмұнды диалогты манипуляциялық риторикамен алмастыратын популистік ұрандарға аударуға жол бермеу, керісінше, Конституцияның дұрыс демократиялық негізіне назар аударып, пікірсайыстарды құқықтық іске асыру тетіктеріне бағыттау.

2026 жылғы Конституция жобасы үш өзара байланысты бағыт бойынша институционалды жаңғырту үшін нақты мүмкіндіктер береді. Реанимациялық кезеңнің орталық институты – Конституциялық Сот. Ол заң шығарушы және атқарушы актілерді жүйелі конституциялық бақылау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және дәйекті конституциялық-құқықтық доктринаны қалыптастыру арқылы Негізгі заңның шынайы сақшысына айналдыра алады. Конституциялық Соттың тек нормативтік құқықтық актілердің мазмұнын ғана емес, сонымен қатар азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзатын жария билік актілерін де бақылауы маңызды мазмұнға ие, бұл азаматтарды конституциялық-құқықтық қорғаудың ең маңызды бағытын құрайды.

Екінші басымдық – Парламент және заңнамалық қамтамасыз ету. Конституция нормативтік жақтауларды құрайды; олардың шынайы мазмұны қабылданатын заңдардың сапасына байланысты. Парламент – ең алдымен парламенттік бақылау,

Мемлекет ауыл шаруашылығын қолдау мақсатында субсидия беріп келеді. Соның арқасында қайтарымызсыз қаржы алып, шаруасын дөңгелетіп отырған шаруашылықтар бар. Дегенмен межеленген қаражатты алу үшін жалған құжат жасау, кейбір салалардың бұл қаражатқа ілікпеуі сияқты мәселелер де жоқ емес.

А Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Мемлекет басшысы таяудағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында шаруаларды қолдауда ашықтықты қамтамасыз етіп, субсидиялау үдерісін цифрландырып, шаруалардың міндеттемелерін бақылауға алу қажеттігін жеткізді.

— Шаруаларды мемлекеттік қолдау жүйесі барынша ашық болуы керек. Қазір бұл жүйенің күмәнді, көленкелі тұсы көп. Үкімет жыл соңына дейін ақпараттық жүйелерді кіріктіру жұмысын аяқтауға тиіс. Бұл кадам субсидиялау үдерісін цифрландырып, шаруалардың міндеттемелерін бақылауға алуға мүмкіндік береді, — деді Президент.

АШМ дереккөздеріне сүйенсек, 2023 жылы Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін субсидиялауға шамамен 500 млрд теңге, 2024 жылы 450 миллиард теңге, 2025 жылы 622 миллиард теңгеге дейін субсидия бөлінді. Осылайша, жыл сайынғы субсидиялық қолдау артып, шаруаларға едәуір серпін беру көзделеді.

Сонымен қатар Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов өткен жолғы Шығыс Қазақстан өңірінің шаруаларымен кездесуінде субсидия мөлшерінің тағы да ұлғаятынын баяндаған болатын. Ол ауыл шаруашылығына бөлінетін субсидия көлемі 2026 жылы 658 млрд теңге, 2027 жылы 725 млрд теңгеге жететінін мәлімдеген. Яғни, қаржы көлемі артып, демек жауапкершілік те күшейгені абзал.

Бізде аграрлық саланы қолдау, біршама жолға қойылған. Дәлірек айтқанда, техника алуға 15-30% дейін өтемақы, тыңайтқыш, тұқым, суару шығындарына субсидия, асылтұқымды малға қолдау, жеңілдетілген несие (көктемгі егіс, айналым қаражаты), сақтандыру жарнасының бір бөлігін өтеу сияқты қолдаулар бар. Көп фермерлер үшін бұл нақты шығынды азайтатыны айқын.

Осылайша, елде агросекторды дамыту біраз жүйелеген сияқты. Ал мал шаруашылығы тәрізді бағыттар әлі күнге дейін бірізділікке түспеген көрінеді. Тері өндірушілер қауымдасуының төрағасы Нұрман Нүптекеевтің сөзіне қарағанда, дербестік алған шақтан бастап, тері өңдеу саласында субсидия берілмейті. Аткамінерлер тері өндірушілерге қолдау болатынына ұдайы иландырып келеді екен.

— Субсидия тері өңдейтін кәсіпорындарға тәуелсіздік алғалы бері ешқашан беріл-



меген. Кедендік баж салығы, бізде болған жалғыз жеңілдік, былтыр алынып тасталынды. Басқа арнайы жеңілдік әзірше жоқ, бірақ естуші Үкіметтен үмітіміз жоқ емес. Отандық тері өңдеушілерге субсидия қарастырамыз деген әңгіме бар. Баж салығын алып тастағаннан кейін отандық өңдеушілерді қолдау мақсатында субсидия қарастырылған жөн деп санаймыз, — деді қауымдастық төрағасы.

Мемлекеттік қызметтер және онлайн ақпарат порталында, «Басым дақылдар өндірісін дамытуды субсидиялау», «Тыңайтқыштарды субсидиялау», «Су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау» және «Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау (бұдан әрі — пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау)» тиісті қаржы жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылатыны жайында жеке-жеке қағидалары жазылып тұр. Яки, шаруа өз күші арқылы онлайн өтініш білдіруге толық мүмкіндік бар. Ал цифрлық жүйені білмейтіндер сол баяғы әдіспен жергілікті атқару мекемелеріне барып кенес алса болатын көрінеді.

Абай облысы кәсіподақ орталығының төрағасы, QAZAQ AQBAS республикалық палатасы директорлар кеңесінің мүшесі Қуаныш Сүлейменов

ауыл шаруашылығын қолдауға қаржы бөлу жоспары бар екен. Бұл қуантарлық жағдай. Сондай-ақ мал шаруашылығын дамытуға «Ігілік» бағдарламасы қосылса, үлкен қолдау болмақ. Қазір асылтұқымды қойға 26 мың теңге, асылтұқымды отандық тайынша сатып алсаң 260 мың теңге, ал шетелдік сиырға 420 мың теңгеге жуық ақша қарастырылған. Жалпы, отандық мал басын шетелдік тұқымнан жоғары қоймаған жөн. Ең негізгісі, Үкіметтен АӨК қолдауға бөлінген қаражатты министрлік, әкімдік, жергілікті атқарушы органдар фермерлерге шын жаны ашып үлестірсе, сала тұраламайды. Ресей, Беларусь ет-сүт бағытындағы өнімі шетел нарығына енгенше, субсидиямен қолдайды. Бәлкім, бізде осыны ескеруіміз керек шығар. Осыдан 5-6 жыл бұрын ауыл халқының саны 42 пайызды құраса, қазір 37 пайызға азайды. Демек, ауылда жұмыс істеп тұрған шаруақожалықтарды субсидиямен, жеңілдетілген несиелен қолдасақ, қалаға ағылатын урбанизация да теже-

жеңілдетілген несиеге кезек-кезенімен өту бойынша тапсырма берген. Оны орындауымыз қажет. Бізде субсидияны түгел жою міндеті жоқ. Көрші Ресей тәжірибесінде федеративтік және өңірлік деңгейде субсидиялап, жеңілдетілген несие беріп қолдау білдіреді. Олардың өнімі Қазақстан нарығына кіргенде біздікілердің бәсекелесуі қиын болады. Сол себепті де тиімді субсидиялар қалады. Қазір талдау сараптамалық жұмыстары жүргізілуде. Жалпы, кейбір субсидиялар қазірге дейін өзінің тиімділігін көрсетіп келеді. Мысалы, құс шаруашылығында келісіне 60 теңге субсидия беріледі. Елде 2020 жылы құс етімен қамтамасыз ету 58 пайыз болса, қазір 79 пайызға жеткіздік. Мұны осы субсидиялардың көмегі деп білуіміз керек. Өйткені кәсіпкер несие алған кезде субсидияның арқасында қайтарымызды азайтады. Сондай-ақ малды асылдандыру үшін кооперативтерге субсидия берілген еді. Алайда жемқорлық фактілері байқалып, заңсыздық болған соң тоқтатылды. Осындай жағдаяттың бәрін ескере келе, субсидия мәселесі әлі де сарапталу үстінде, — деді департамент директоры.

Қаржы мониторинг агенттігі деректеріне зер салсақ, өңірлерде субсидияға қатысты бірқатар былықтың беті ашылған. 2023 жылы Жамбыл облысында бірнеше адам шынайы өнім жеткізбестен жалған құжаттар арқылы 800 млн теңге көлемінде субсидия алғаны анықталған. 2024 жылы «Сыбаға» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Ақтөбе филиалынан несие алу кезіндегі 1 млрд теңгегені қолды еткен. Былтыр Қарағандыда «Агро-өнеркәсіптік кешенді дамыту» ұлттық жобасы аясында сүт өнімдерінің бағасын арзандатуға бөлінген 339 миллион теңге көлеміндегі мемлекеттік субсидияларды жымқыру дерегі бойынша айыптау үкімі шығарылды. Мұндай фактілердің жолы кесілсе де, әзірге түгесілер емес-ті.

Төктері, АӨК-ін субсидиялау ережелеріне өзгерістер кірді. Дәлірек, айналым қаражатына күту және субсидиялау парағы алынып тасталмақ. Сондай-ақ импорттық ауылшаруашылық техникасына субсидиялар шектелді. Бұдан былай субсидиядан ішінара жеңілдетілген 5 пайыздық несиелеуге көшіп, «Даму» қоры арқылы 85 пайызға дейін кепілдеме беріледі. Енді АӨК субсидиялауды eGov.kz арқылы Qoldau порталымен цифрлық жүйеде тікелей өтінім беруге болады. Аталған бастамалар субсидияның нақты іспен айналысып отырған, шаруаларға жетуіне салынған негізгі төте жол іспетті. Егер агросектор осылай жан-жақты қолдау тапса, халыққа азық-түлік өнімдері қолжетімді бола түседі, ел қазынасы толығымен деген сенім мол.

СУБСИДИЯ: неден ұттық, НЕДЕН ҰТЫЛДЫҚ

мемлекет тарапынан субсидиялық қолдау жеткілікті деп отыр. Оның сөзіне қарағанда, бұған дейінгі шаруаларға төленбеген субсидиялар, жалған құжат жасау секілді мәселелер ғана субсидияның жолын байлап тұрғанға ұқсайды. Ол субсидия бөлудің механизмін жолға қойған Ресей, Беларусь тәжірибесін де игеру қажет деп санайды.

— Мемлекет тарапынан шаруаларды субсидиямен қолдау жүзеге асып келеді. Десе де, берілу тетіктерін біршама жаңартқан жөн. Бір жақсысы, шаруа бұрынғыдай құжат арқап жүрмейді, субсидия цифрлық жүйемен төленеді. Фермерлер субсидияға қол жеткізетін десе, өткен жылдардан қалған 350 млрд теңгеге жуық субсидия әлі төленбепті. Оны көктемгі жұмыс науқаны басталмай тұрып жапқан дұрыс. Берешекті салалық министрлік жабатынына сендірді де. Бұл арада жоқ төлін тіркеп, жалған құжатпен субсидия алатындармен күрес күшеюі қажет. Әйтпесе, шынайы жұмыс істеп тұрған шаруаларға зияны тиеді. Шағын және орта кәсіппен шұғылданатын шаруаларға да субсидия беру жолын қарастырмасақ, назардан тыс қалуда. Сонымен қоса, 1 трлн-ға жуық

леді, азық-түлік қоры да мол болады, — деп пайымдайды кәсіподақ орталығының төрағасы.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегінше, кез келген ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлер субсидия алуға өтінім бере алады. Өтінім субсидиялау ережелеріне сәйкес болуы тиіс екен. Мысалы, инвестициялық субсидия алу үшін фермер өз шаруашылығын дамытуға инвестиция салуы қажет делінген. Яғни, сүт-тауарлы ферма салған ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші жобаның белгіленген құн шегінен аспай, жұмсаған қаражатының 25 пайызын қайтара алады. Субсидиялау саясатын салалық ведомства әзірлесе, ал субсидияларды беру жергілікті атқарушы органдардың, яғни әкімдіктердің құзыретіне беріліпті.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Мал шаруашылығы департаменті директоры Бағлан Аймұрзаев субсидияның мән-жайын түсіндіріп берген еді.

— Субсидия — өндірілген өнімге берілетін ақша. Мәселен, 1 литр сүт өндірсеніз, мемлекеттен литріне 30 теңге беріледі. Президент субсидиялаудан



7 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

ТАҒДЫР ТАЛАЙ БЕЛЕСТІ АЛҒА ТАРТТЫ

— Әдебиетте жүрген казак қыздары көп емес. «Әдебиет — ардың ісі» дейміз. Қыз балаға қоғамның ауыр жүгін қаламмен арқалау қиын емес пе?

— Менің әдебиетке келу жолым да оңай болған жоқ. Дүкенбай Досжан — казактың қабырғалы қаламгерлерінің бірі. Ол кісінің жазған дүниелерінің ең алғашқы оқырманы болдым. Редактор ретінде емес, корректор ретінде ғана қарап шығатынымын. Себебі Дүкен өз мәтініне біреудің редакторлық жасағанын ұнатпайтын. Мен тек грамматикалық қателерін түзеп қоямын. Ал мазмұнына, ойына ешқашан қол сұқпаймын.

Жазушылықтың өзі екі түрлі болады ғой: бірінің тілі шұрайлы, бірінің ойы терен. Мен өзімді тілдің шеберім деп айта алмаймын. Бар болғаны — ой айтуға, жүрек түкпіріндегі шындықты жеткізуге тырысамын. Ал Дүкендер — қазып жазатын, әр сөйлемін салмақтап, әр сөзін саралап түсіретін жандар еді.

Дүкен менің әдебиетке араласқанымды аса құптамады. «Қалам ұстағанның жолы ауыр» деп бұл соқпаққа көп жолатқысы келмейтін. Бірақ ішкі аңсарымды тоқтату мүмкін болмады. Ағаңнан тығып, жасырын жазған кездерім де болды. Іштегі булығып жатқан дүниенің бәрін қаламгер қағазға түсіргісі келіп тұрады ғой. Сол секілді мен де ара-тұра қаламымен қағаз бетін шимайлап жүретін едім. Оның бәрі кейін көркем дүниеге айналды.

— Жазушының жары болу оңай емес. Бірақ сіз анаңыз, яғни енеңіз туралы үнемі сағынышпен еске алып отырсыз. Қазір қоғамда енеңіз «құбыжық» қылып көрсету белең алып барады. Жалпы, келін енеңіз топырағынан жарала ма?

— Дүкенбаймен бірге өткізген отыз жылдық ғұмырымда мені толық тәрбиелеген жан — енем. Келешекте енем туралы, жалпы еңелер жайында бір роман жазсам деген арғаным бар. Оның да бір күні туар. Апамның аты — Жәмила Жанұзаққызы. Ол кісінің айтқан әр сөзі, әр өнегесі — мен үшін өмірлік мектеп. Кейде Сәт ағаңмен әңгімелесіп отырса да, «апам сөйтетін еді, бүйтетін еді» деп отыратыным бар. Апам — менің жан дүниемнің бір бөлігі. Досжановтар әулетіне келін болып түскенімде небәрі 27 жаста едім. Апам мені маңдайымнан сүйіп, туған анамдай қарсы алды. Артық-кемімді түзеуге тырысты, бірақ ешқашан жанымды жаралаған емес. Еркелетті, сенім артты. Отыз жыл бойы сол аялы алақанның жылуын сезініп өмір сүрдім.

Бүгінде жасым алпыс жетіге келсе де, апамның айтқан сөздері санамда сайрап тұр. Ол кісі ұлын да, келінін де бір-бірінен кем көрмеді. Біздің қолымызда тұрды. «Отбасының берекесі — енеңіз парасатында» дегенді сол кісіден ұқтым. Келін келген жерінде сый көрсе, шаңырақ шайқалмайды.

Апам жуас, момын мінезді еді. Бірақ ішкі діні мықты. Кейде бір жакка ұзап кетіп қалсам, «мына үйден сен кетсең, береке кетеді» деп айтып отыратын. Сол сөздің салмағын қазір ғана түсініп жүргендеймін.

— Анаңыз бен әкеніздің бір тал гүлі екенсіз. Әлемнің жарығын сыйлаған анаңыз қандай жан еді?

Сәуле Досжан — қазақ прозасында өзіндік үні, нәзік лиризмін мен терең психологиялық иірімдері арқылы танылған қаламгер. Оның шығармаларында адам жанының құпиясы, әйел тағдыры, отбасы құндылығы мен ұлттық болмыс айрықша көрініс табады. Қазақ әдебиетінде қаламгер қыздар санаулы ғана: прозада тіптен аз. Қалам ұстаған жанның өз миссиясы бар. Олар да қоғамға қалам арқылы қызмет етіп жатыр. Көркем жазу деген — өнер, шабыт, жауапкершілік. Біздің әдебиетте жүрген қыздар осы талаптың үдесінен шығып жүр ме? Әдебиет «оқылмайтын» заманда шығармашылықпен айналысу — жазушыға не береді? Біз бұл сұрақты жазушы Сәуле Досжанға қойған едік.

Сәуле ДОСЖАН, жазушы:

ӘЙЕЛДІҢ ЖЕАН ӘЛЕМІ — ШЕКСІЗ ҒАЛАМ

— Ата-анамның жалғыз перзенті болдым. Шешем екеуіміз молалардың іргесіндегі шағын ғана үйде тұрдық. Төбесінен су сорғалап тұратын ескі шаңырақтың астында жатып, бала көңілмен бір арманды жиі қиялдайтынмын: «Шіркін-ай, шешеме өзі армандағандай жарық, кең үй салып берсем ғой...»

Ол арман бірден орындалған жоқ. Жылдар өтті. Тағдыр талай белесті алға тартты. Бірақ бала күнгі сол бір тілек жүрегіміздің түкпірінде сөнбей сақталды. Ақыры көп жылдан кейін ғана анама армандаған үйін салып бердім. Тура анам армандағандай кең, жарық үй. Биікте тұр.

Анам менің бойжетіп, азамат болғанымды, қолыма қалам ұстап, жазушы атанғанымды көрді. Ал әкем сол қуанышты көре алмай кетті...

Әкем мен анамның мен дегендегі мейірімі бөлек еді. Анам марқұм: «Өмір деген — Сәуле» деп жиі айтатын. Сол сөзінде бүкіл үміті, бүкіл сенімі жатқандай сезілетін. Екеуі де денсаулығы кем, әріп танымайтын жандар болса да, бар арманы жалғыз қыздарының бақытты ғұмыр кешуі еді. Қиналмай, мұқтаждық көрмей өмір сүрсе екен деп тілейтін.

Анам мені мектепке жетектеп апарып, сабақтан соң қайта алып келетін. Қолынан жетектеп жүрген сол сәттер менің ең үлкен қорғаным, ең биік қамалым еді.

Бала күнімнен кітапқа құмар болдым. Ойыншық жинамадым, кітап жинадым. Қабырғасы сыз тартқан, жұпыны жатақ үйімізде ең бай дүние — кітаптарым болатын. Сөрелерге сыймай үйіліп жататын сол кітаптар менің қиялымды алысқа жетеледі, арманымды биіктетті.

Кейін есейген соң сол кітаптардың көбін ауыл мектебінің кітапханасына тапсырдық. Бәлкім, мен секілді бір бала сол кітаптарды парактап отырып, өз арманын табар. Бәлкім, бір үйдің үміті тағы бір шаңырақты жарық қылар.

Өйткені кейде үлкен жол дәл сондай шағын, су тамшылаған үйден басталады.

АЛАТАУ МАҒАН РУХ БЕРЕДІ

— Алғашқы көркем шығармаңыз қашан шықты?

— Есенғали Раушанов екеуіміз жақсы араластық. Бір күні батылымды жиып, қолжазбамды соған апардым. «Дүкен менің проза жазуыма рұқсат етпейді. Мына бір дүнием бар еді, өзін бір қарап көрші», — дедім. Ол күліп: «Неге рұқсат етпейді, әкелші», — деп қолжазбамды алып қалды.

Ертесінде телефон соғып: «Ей, Қожахметова, мынауың жақсы дүние екен! Сен үшін «Қазіргі заман прозасы» деген серия ашып жатырмын. Осы айдармен кітабыңды шығарып берем», — деді. Кітабым жарық көрген соң Дүкенбай Досжан да оқып шығып, риза болды. Іштей қуанды ма, жоқ па — білмеймін, бірақ үнсіз мақұлдағаным сезілді.

— Қаламгердің жазған әр кейіпкері — жазушының ішкі бір бөлшегі секілді. Мәселен, сіздің кейіпкерлеріңіз өзіңіз бе?

— Жок. Мен бұған келісе бермеймін. Бірде Қабдеш Жұмаділовтің бір сұхбатын оқыдым. Сонда ол кісі: «Шығарма іштен туады. Жазушы оны алдын ала жоспарламайды», — деген еді.

Сасында да, шығарма — жоспардың жемісі емес, жүректің толғағы. Ол қашан, қалай туады — аңғармай қаласың. Оқиға қалай өрбитінін, кейіпкер қайда апарарын кейде өзін де білмейсің. Көзбен көрген дүниенің бір басқа, ал қағазға түскен сұлба мүлде басқа болуы мүмкін.

Кейіпкерлерім — мен емес. Бірақ оларда менің жүрегіміздің лүпілі, жанымның табы бар шығар.

— Сіз үшін жазу деген миссия ма, қажеттілік пе?

— Бұл маған құдайдың берген нығметі. Іле Алатауына қарап тұрсаң, арғы бір қиырында қалған менің ауылымдағы асқар тау көзіме елестейді. Бала күнімнен тауды сүйіп өстім. Тау — менің стихиям.

Алатау маған рух береді. Қайсарлықты, биіктікті үйретті. Жазу

да сол биіктіктен, сол тыныстан туған шығар.

Негізі, жазушы қай тақырыпты жазатынын алдын ала білмейді. Қаламды қолға алған сәтте ғана ішкі бір күш жетелейді. Қағазға не түссе, сол — менің шындығым, сол — оқырманға жол тартатын тағдырым. Жазу — міндет те емес, даңқ та емес. Ол — жүректің тынысы. Құдай маған сыбырлайды. Мен тек сол жүрек тынысын тыңдаймын.

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ — БАТЫР

— Қаламгер қыздардың көбі әйелдер тақырыбын жиі қозғайды. Сіздің тақырыбыңыз қандай?

— Осы уақытқа дейін жазған шығармаларымның басым бөлігі — әйел тағдыры туралы. Мен үшін әйелдің жан әлемі — тұтас бір ғалам. Қазақ қыздарының нәзік болмысы мен биік парасатын, сабыры мен сырбаздығын, ішкі қайсарлығын шығармаларыма арқау етіп келемін.

Ол — саналы, білімді, еңбекқор, табанды. Соның бәрімен қатар жүрегі нәзік, жаны мейірімге толы. Бірақ біз сол нәзік иықтарға тым көп жүк артып қойғандаймыз. Менің шығармаларым сол жүктің салмағын сезіндіру үшін, сол жүректің үнін естірту үшін жазылады.

Мен үшін әр кітап — жанымның бір бөлшегі. Ал әйел тағдыры — сол жанымның ең нәзік пернесі.

— Бүгінгі қазақ қыздарының тағдыры туралы көп ойланасыз ба? Бұрынғы мен бүгінгі салыстыра аламыз ба?

— Бұрынғы қазақ қоғамында қыз тәрбиесіне ерекше мән берілген. «Қызға қырық үйден тыйым» деген сөздің астарында шектеу емес, қорған бар еді. Қыздың жүріс-тұрысы, сөзі, киімі, мінезі — бәрі бақылауда болды. Бірақ бұл оның еркіндігін тұсаулау үшін емес, арнамысын, абыройын қорғау үшін жасалды. Анасы қызына кесте тігуді, ас әзірлеуді ғана емес, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді, сөз кәдірін түсінуді үйретті. Әкесі қызын еркелетіп өсірсе де, оның абыройына дақ түспеуін қадағалады.

Бүгінгі заман басқа. Ақпарат ағыны күшті, көзқарас өзгерген, мүмкіндік молайған кезеңде өмір сүріп отырмыз. Қазіргі қазақ қызы білімді, батыл, әлемге ашық. Ол ғылымда да, бизнесте де, өнерде де өзін дәлелдеп жүр. Бұған қуанамын. Бірақ заманауи боламын деп

тамырдан ажырап қалуға болмайды. Меніңше, бұрынғы мен бүгінгі салыстыру үшін «қайсысы дұрыс?» деп кесіп айту шарт емес. Уақыт өзгереді, қоғам өзгереді. Бірақ өзгермейтін құндылықтар бар: ар, ұят, намыс, жауапкершілік. Қыздың тәрбиесінде осы өзек үзілмеуі керек. Қазақ қызы ең алдымен өзін құрметтеуді үйренуге тиіс. Өзін бағалаған қыз ғана өзгені сыйлай алады. Ол білім алын, мансап құрсын, армандасын. Бірақ қай жерде жүрсе де, жүрегінде қазақы болмысы, ұлттық коды сақталса — міне, нағыз тәрбие сол. Бүгінгі қыздарымызға «үндеме» деп емес, «ойынды айт, бірақ әдебінді сақта» деуіміз керек. «Шектел» деп емес, «жауапкершілікті ұмытпа» деуіміз керек. Сонда ғана біз дәстүр мен заманды үйлестіре аламыз.

— Бақытты әйел — бақытты қоғам деген пікірмен келісесіз бе?

— Біздің қоғамның бақытты болуы, мемлекеттің өсіп-өркендеуі көбіне әйел затына байланысты деп ойлаймын. Өйткені әйел — адамды жарық дүниеге әкелетін, өмірге мән мен жылу сыйлайтын ұлы тұлға. Жарық дүние сыйлаған ананың көңілі тыныш, өмірі дұрыс болса, үйге береке кіргізетін жардың жүзі жарқын болса, сол арқылы қоғам да, мемлекет те нығаяды. Соңғы жылдары елімізде көпбалалы аналарға мемлекет тарапынан ерекше қамқорлық көрсетіліп келеді. Мен мұны анаға жасалған үлкен құрмет деп білемін. Дегенмен аналарымыз да тек үйде отырмай, білім алып, еңбекке араласып, ел дамуына өз үлесін қосуға ұмтылғаны жөн. Ананы қадірлеу — қоғамның адамгершілік өлшемі. Анаға қорлық көрсетпеу — әр азаматтың парызы. Әйелді құрметтеген отбасында өсіп жатқан балалар да ізгі тәрбие алады. Себебі бала әкесінің анасына жасаған қарым-қатынасын көріп өседі. Бүгін ер-азамат әйеліне қалай қараса, ертең сол үлгіні бала да қайталайды.

Өз өміріме келер болсам, мен Досжановпен бақытты ғұмыр кештім. Отбасымыз тату, өміріміз берекелі болды. Дүкен дүниеден өткеннен кейін үш-төрт жыл өткен соң Халық қаһарманы, генерал-полковник Сәт Тоқпақпаевқа тұрмысқа шықтым. Бірге өмір сүріп жатқанымызға он жылдай уақыт болыпты. Екі жақтың да балалары ержетіп, өз жолдарын тапқан. Қазір Сәкен екеуіміз ғана тұрамыз. Ол мені ерекше қадірлейді. Ортамызда ортақ бала болмаса да, «сен анасың, қадірлі жарсың» деп әрдайым құрмет көрсетеді. Оның осы сөзі мен үшін үлкен жауапкершілік. Әрине, біз жас кезімізде қосылған жоқпыз. Жас ұлғайған шақта «екі жарты — бір бүтін» болып, бір-бірімізге серік болып отырмыз. Ең бастысы, өзара сыйластық пен құрмет. Ерлі-зайыптылар бір-бірін қадірлесе, отбасы да бақытты болады, қоғам да берекелі болады.

Әйел — отбасының тірегі, қоғамның берекесі. Сондықтан аналарымыз аман болсын! Осы орайда барша әйелдер қауымын, аналарымызды, әпке-сінділерімді 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Әр шаңырақта шаттық, әр ананың жүрегінде қуаныш болсын!

— Әңгімеңізге көп рақмет! Мерекеніңіз құтты болсын!

Сұхбаттасқан
Гүлзина БЕКТАС



ОТҚА ОРАНҒАН

Орамал



Әйел БАДПАҚЫЗЫ (қолжазба)

Әйел заты – өмірлік серігі үшін туған жерін қиып, қияға қанат қағатын нәзік жан. Алайда біздің айтпағымыз бұл емес, жазықсыз жазаға кесіліп, «ит өлген жерге» айдалған ерлерінің соңынан іздеп барып, Сібірдің сүйек қаритын суығы мен адам айтқысыз азабын бірге кешкен қазақ әйелдерінің ерен ерлігі жайлы. Айдаудың ауыртпалығын бірге бөліскен әйелдердің ерлікке бергісіз іс-әрекеттерін әлі күнге дейін айтамыз. Олардың қатарында қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың жары Зылиха Құрманбайқызы, Міржақып Дулатовтың жары Ғайнижамал Досымбекова, Хамза Есенжановтың жары София Жақияқызы сынды тағы бірқатар арулардың есімі аталады. Олар жазықсыздан жазықсыз түрмеге қамалған күйеуінің жоқтаушысы, жанашыры бола білді.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ЖАСТЫҚҚА ЖАСЫРЫЛҒАН ЖЫРЛАР

Мағжан Жұмабаевтың жары Зылиха Құрманбайқызы: «1937 жылы Мағжанды ұстап алып кетердің алдында, үйде еді. Мен пальмен жасап жатыр едім. Ол риза болып әңгіме айтып, қасында отырған. Бір кезде екі адам келіп, сол пальменді жегізбей алып кетті ғой. Содан кейін Мағжанды танитындар, Мағжанды үйіне қондырғандар, Мағжанның өлеңін оқығандардың бәрін шетінен ұстай берді. Мағжанның кітабының бәрін кәмпеске жасады. Енді қазақ Мағжанды көрмейтін шығар деп ойлады», — дейді бір естелігінде. Сөйтіп, қолда бар қолжазбаларын жинап, төсектің астына, жастықтың ішіне, матрацтың ішіне тығып сақтаған екен. Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаев туралы ең алғашқы «Мағжан» деректі фильмінің режиссері Зылиха апайдың оны Сосновецкіге дейін іздеп барғанын айтады.

«Мағжан — үш рет сотталған адам. 1929 жылы ұсталғаннан кейін, ол Беломорканалға, Медвежьегорск деген жерге түседі. Одан 50-60 шақырым жерде, Сосновецкіде Міржақып Дулатов болды. Міржақып Дулатовты әйелі Ғайнижамал іздеп барған. Ал Мағжанға Зылиха апамыз барған. «1922 жылы Мағжан Омбыдан оралғаннан кейін дәм-тұзымыз жарасып, қосылдық. Сол кездері бізден бақытты жан жоқ еді. Бірақ бақытымыз баянды болмады. Мағжан 1926 жылы ұсталып, он жылға бас бостандығынан айырылды, жазасын қияндағы Карелия ормандарында өтейтін болды», — деген Зылиха шешей алғашқы сұхбаттарының бірінде. Бұл Жұмабаевтар отбасына келген қасіреттің басы ғана екен», — деген К.Омар бір сұхбатында. Ол қасірет Мағжанның екі ағасы — Әбәмүсілім мен Қаһарман тұтқындалуымен жалғасқан. Осындай қаралы күндер туғанда, Мағжанды іздеген, «Сусын беріп, жастық қойып басына. Мандайынан сипай сүйіп жұбатқан» жалғыз адам — Зылиха.

Дереккөздерде Зылиха Құрманбайқызы Мағжанды іздеп Ленинградқа бір емес, бірнеше рет барғаны айтылады. Соның бір мысалы, Ж. Бектұровтың «Бес арыс» кітабында: «Зылиха байғұс теңізден өтіп, нелер батпақ, тоң жерді белшесінен кешіп, Мағжанға талай рет барыпты. Тамақ апарып тұрған. Саясатты, ертеңгі тағдырды көп ойламай, көзжұмбақпен асқан ерлікке, жанын шүберекке түйіп, өзін құрбан етуден тартынбаған, ештеңеден қорықпаған, жасқанбаған, жары жолында жанын пидә қыл-

ған әйелдердің бірі Зылиха апай болған. Бұл айдаудағы Мағжанға күш, көңіліне көп демеу болған», — деп жазылады.

СОСНОВЕЦКЕ СОЗЫЛҒАН СОҚПАҚ

Алаш арысы Міржақып Дулатовтың жары Ғайнижамал Сыздыққызы өз заманының парасатты да білімді, көркіне ақыл сай аруларының бірі болды. Қызылжар өңірінің тумасы, оқыған отбасынан шыққан ол Міржақып Дулатовтың өміріндегі ең қиын сәттерде айнымас тірегіне айналды. Міржақып абақтының тар қапасында жатқанда, Ғайнижамал жарымен кездесу үшін Максим Горькийдің жары Е.Пешковаға хат жазып, көмек сұрауға мәжбүр болады. Екі айдан соң келген рұқсат қағаз Ғайнижамалды алыстағы Сосновец аралына жетеледі. 1934 жылы ол ұлы Әлібекті ертіп, Сібірдің сұрапыл қиындығын кеше отырып, аралға жетеді. Дулатов өзінің ауыр жағдайын сезгендіктен, Ғайнижамалға елге қайтуға кеңес береді. 1935 жыл қайғы үстіне қайғы жамаған жыл болды. Ұлы Әлібек аурудан қайтыс болады. Сол кезде айдаудан қайтқан Ахмет Байтұрсынұв Ғайнижамалдың шаңырағына келіп: «Гая, шырағым, қайғына ортақпын. Мезгілсіз солған гүл үзіліп түсті... Арты тек қайырлы болсын. Қалғандардың, Міржақыптың амандығын тілейік. Ақырын сұра. Әлібектің қайтыс болғанын Міржақыпқа естіртіп, хат жазбандар. Өзі ауырып жүргенде қиналып қалар. Артымда ұл-қызым бар деп үміті үзілмей жүрсін» деп жүрегі қак айырылып, көңіл айтқан екен. Бұл — екі арыстың бір-біріне деген қимастығы мен адалдығының көрінісі еді.

Көп ұзамай, сол жылдың қарашасында НКВД-дан Міржақыптың лазаретке қайтыс болғаны туралы суық хабар жетеді. Елу жылдық ғұмырының отыз жылын қуғынмен өткізген, соңғы жеті жылын тар қапаста тауысқан Міржақып дүниеден өтті.

«ТАҒДЫРЫМДЫ ЕКІ КИНАУҒА БАРАМЫН»

Жиырма бес жылға «халық жауы» ретінде сотталып, бітпей қалған романының кей бөлігін қайыңның қабығына жазған, кейін сол романы үшін Мемлекеттік сыйлық алған тағдырлы жазушы болса, ол — Хамза Есенжанов. XX ғасырдың 20-жылдарынан басталып, 30-50-жылдары жалғасын тапқан сталиндік-голощекиндік зобалаң қазақтың абзал азаматтарының басына қара бұлт үйірді. Оның қасіреті Хамза Есенжанов, Тайыр Жароков, Мұхамеджан Қаратаев сынды тұлғаларды «халық



Міржақып абақтының тар қапасында жатқанда, Ғайнижамал жарымен кездесу үшін Максим Горькийдің жары Е.Пешковаға хат жазып, көмек сұрауға мәжбүр болады. Екі айдан соң келген рұқсат қағаз Ғайнижамалды алыстағы Сосновец аралына жетеледі.

жауы» ретінде әртүрлі мерзімге соттады. 1938 жылы 19 наурызда Есенжанов ұсталғанда София мен Тайыр Жароковтың жары Мүнира базардан ет сатып алып пісіріп, бірге түрмеге іздеп барыпты.

Тарих ғылымдарының кандидаты Дәметкен Досмұханқызы сонау Сібірге жер аударылған күйеуін іздеп барған София Жақияқызы туралы мұрағаттық деректер мен естеліктерге сүйеніп отырып, оның ерлікке бергісіз жанкештілігін баяндап берді.

«1948 жылы ерте босатылған деген желеумен Хамза қайта ұсталып, Теміртауға жер аударылды. Бірақ онда да көп ұстамай, бір жылдан кейін Красноярск өлкесіне жөнелтеді. Соттың шешімі «Пожизненный сылка. Без срока», яғни өмір бойы кері қайту жоқ деген сөз. Осындай қатал шешімді қолына алған София Жақияқызы ғылыми жұмысының аяқталып қалғанына қарамастан, қалай еткенде де сүйікті Хамзасымен бірге болуды алдына мақсат етіп қояды. Өзін Красноярск өлкесіне жұмысқа жіберуін сұрап, КСРО Денсаулық сақтау министріне өтініш хат жолдайды. 1950 жылдың 15 ақпанында Кадр басқармасы бастығының орынбасары Б.Казановтың қол қойған жауап хаты келді. Хатта дәрігер С.Тастемированы Красноярск өлкесіне жұмысқа ауыстыруға мүмкіндік жоқ делінген. Бұл шешіммен келіспеген С.Тастемирова КСРО прокуратурасына арыз данды. Мемлекеттік әділет басқармасының III санатты кеңесшісі А.Торапов қол қойған жауап хат алдыңғы жауапты заңды деп тауып, өз күшінде қалдырды», — дейді ол.

Тарихшының айтуынша, осының бәрін әділетсіз деп есептеген София Жақияқызы өз шешімімен әуелі Теміртауға келіп, содан

соң Красноярск өлкесіне, сүйген жары Хамзаның соңынан кетеді. Осындай қиын тағдырлы тұлға София Жақияқызы бір естелігінде «Тағдырды екі қинауға жарамайды» деп жатады ғой. Егер Хамзакемнің босқа кеткен он жеті жылын қайтарып беретін болса, мен тағдырымды екі қинауға барамын» деп жазған екен. Ол 1954 жылы 25 наурызда өткен Бирилюкси аудандық медицина қызметкерлерінің конференциясына делегат болып қатысты. Сол жылы 23 шілде — 1 тамыз аралығында Красноярск қаласында өткен Өлкелік ауыл дәрігерлерінің съезіне де делегат болды. Бұдан қазақ әйелінің өз еркімен «айдауда» жүріп сүйген адамынан да, сүйген мамандығынан да қол үзбегенін аңғарамыз. Жергілікті тұрғындар мен саяси тұтқындардың арасында білгірлігі мен үлкен адами қасиетінің арқасында үлкен беделге ие болды.

Барлық қиындықты бөлісе білген зайыбы София апамыздың төзімділігі демеу жолдасына тірек болып, шығармашылық құштарлығын жоғалтқан жоқ. Өлкетанушы Сайлау Сүлейменов бұл туралы былай дейді:

«Оның түрмеде отырып, айдауда жүріп атақты «Ак Жайык» романы бастауында да өмірге сондай үлкен сезімнің, соған сай таусылмас күш-қуаттың жемісі болса керек. Жалпы, әйел бақыты деген София Жақияқызының түсінігінде — жақсы жар, тәрбиелі бала өсіру, бақытты отбасының ұйытқысы болу. София Жақияқызы құдай қосқан қосағының адами қасиетін сағынышпен еске ала отырып, Хамза Есенжановтың мінезі туралы: «Ол ерекше кенпейіл, кішіпейіл, қарапайымдылық пен асқан еңбекқорлық ұштасып жататын. Ол өзі жанындай жақсы көрген ана тілін байыту, оны қадірлеу — әр жазушының, жалпы барша қазақтың борышы екенін қадап айтатын» деп, оқырман-дармен кездескенде жиі айтатын».

АЙДАУДАҒЫ АДАЛДЫҚТЫҢ БЕЙНЕСІ

1932 жылдың қазан айында Мұхамеджан Тынышбаев Воронежге, кейін Россосшь қаласына жер аударуға үкім шығарылады. Айдауда кеткен ерінің артынан емшектегі баласын алып барған Әмина қиын-қыстау жылдарды күйеуімен бірге көріп жанына жалау болған. Мұхамеджанмен үндес келетін асқақ болмысты аңғарамыз. М.Тынышбаевтың ұлы Дәулет Мұхамеджанұлы бұл кезең әлі күнге есінде сақталғанын «Әке туралы естеліктер» жинағында:

«Әкемді бес жылға Воронежге жер аударуға үкім шығарды. Әкем айдалған жерге анам мені ертіп келді. Жер аударылған кездегі кейбір көріністер есімде сақталып қалыпты. Инженер-әкемнің үйге әкелетін сызбалары — көкқағаздар мен басқа да ұсақ-түйек заттары есімде. Бізде Ескендір түсірген сол кезеңнің әуесқой фотосуреттері сақталған. Ескендірдің бізге және анама деген өмір бойы сақталған жақсы қарым-қатынасын атап өткен жөн.

... Орта Азияның кейбір аймақтарымен байланысы бар таныстарымыз бен туыстарымыздың әңгімелерінен бала күнімде Алашорда, Бөкейханов, Түркісіб, тінту, тұтқындау, 58-бап, айдау, ату жазасы деген сөздерді жиі еститінмін...», — деп еске алады.

Мұхамеджан Тынышбаев екінші мәрте тұтқындалған соң, қуғын-сүргіннің аяқталмайтынын түсінген Мұхамеджан Тынышбаев әйелі мен ұлын Әмина Шейх-Әлидің Уфадағы туыстарына жібереді. Өмірінің қалған бөлігін жалғыз перзентінің тәрбиесіне арнаған бұл қайсар құмық қызының рухы тым асқақ еді. Сөйтіп, Мұхамеджан Тынышбаев Батыс Қазақстан арқылы Ташкентте тұратын үлкен қызы Фатанад-Бануге келеді. Мұнда да көп тоқтамай, бірден Қандыағаш-Гурьев теміржолының құрылысына жұмысқа орналасады. Алайда денсаулығы күрт нашарлап, Ташкентке оралуға мәжбүр болады. Ақырында оны 1937 жылы 21 сәуірде Өзбек ССР-і Ішкі істер халық комиссариаты тұтқындайды. Осылайша, қазақтан шыққан тұңғыш инженер өзі секілді қуғанға ұшыраған тағдырластарымен бірге 1937—1938 жылдары жүзеге асырылған «үлкен террордың» құрбаны болып, 1938 жылы Ташкент түрмесінде ату жазасына кесіледі.



7 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ



Соңғы жылдары елімізде коучинг пен өзін-өзі дамыту индустриясы айтарлықтай жанданды. Әлеуметтік желілерде «өмірді өзгерту», «табысқа жету», «ішкі ресурсты ашу» туралы тренингтер мен марафондар көбейді. Бұл кеңістікте, әсіресе, әйел коучтардың белсенділігі көзге түседі. Біреуге олар – шабыт көзі, екіншілерге – күмәнді құбылыс болса, келесілер үшін коучинг табыс пен мансап. Біз тақырып аясында ICF Kazakhstan Charter Chapter бөлімшесінің Этика және сертификация бағыты бойынша директоры, лингвокоуч Назгүл Күнбатыровамен сұхбаттасқан едік.

өз-өзін қорғансыз, жалғыз немесе қорқынышта сезінуі мүмкін. Бұл тәжірибе кейін оның өмірге, адамға деген сеніміне тікелей әсер етеді.

Ересек өмірде мұндай тәжірибе кейде қарым-қатынасқа, эмоцияларды реттеуге немесе өзіне деген сенімге ықпал етуі мүмкін. Бірақ, әр адамның реакциясы әртүрлі және көптеген адам уақыт өте келе қолдау арқылы бұл тәжірибені еңсеріп, жаңа ресурстар таба алады. Бұл жердегі ең маңызды нәрсе коучингті ажыратып алу керек. Бала травмасы мен коучингтің ортасында кандай қарым-қатынас бар. Негізі, коучинг

Коучинг негізі клиент пен серіктестікке бағытталған шығармашылық және ойлануға бағытталған процесс. Ол адамның өз әлеуетін ашуға және жеке кәсіби мақсаттарына жетуіне көмектеседі. Яғни, коуч кеңес бермейді, дайын шешім ұсынбайды. Коуч клиентке сұрақтар, тыңдау және рефлексия арқылы өзінің жауаптарын табуына көмектеседі.

Лао-Цзы деген қытай ойшылы «Мың шақырымдық жол, бір қадамнан басталады», дейді. Бұл тұжырым коучинг философиясымен үндеседі деп айтуға болады. Коуч клиентке өз жолын өзі табуға, мақсатқа барар алғашқы

КОУЧ ҚЫЗДАР МАНИПУЛЯЦИЯ

КӘСІБИ КОУЧ АЗ СӨЙЛЕП, КӨП ТЫҢДАЙДЫ

— Оқырмандарымызға өзіңізді үш сөзбен таныстырып, сипаттап берсеңіз? Коучинг саласына қалай келдіңіз және нақты қандай бағытта, қандай мақсатта жұмыс істеп жатырсыз? Жалпы, өзіңізді өзгертуге не түрткі болды?

— Мен өзімді сабырлы, мақсат қоя білемін және батылмын дер едім. Коучингке HR (адам ресурстары) бөліміндегі оқыту және дамыту саласында корпоративтік тренер болып жұмыс істеп жүрген кезде келдім. Басшылар мен менеджерлерге стресс-менеджмент, көшбасшылық, персоналды басқару, кроус-мәдени коммуникация және көпшілік алдында сөйлеу тақырыбы бойынша үш тілде бизнес тренингтер өткіздім. Коучингпен сол кезде таныстым. Жұмыс барысында адамдардың оқуға әртүрлі мақсатпен келетінін байқадым. Біреулер қызығушылықпен келсе, біреулер компания тарапынан тренинг тағайындалғаннан кейін амал жоқ қатысатын. Сол кезде қатысушыларды белсенді тартуға, оларды сабаққа белсенді түрде қосуға, олардың мотивациясын сақтауға және өз дамуына жауапкершілік алуға көмектесетін әдістерді іздей бастадым. Бұл тәсіл менің жұмыс стилімді өзгертті. Мен көбірек тыңдап үйрендім. Сұрақ қою арқылы адамдарға өз шешімдерін табуға және жеке даму жоспарын құруға көмектесетін болдым. Коучингке дейін тренингтерде өзім көбірек сөйлеп, ақыл айтып кететін кездерім болды, көбірек білім беруге тырысатынымын, өз ойымды көбірек айтамын.

Кәзір көшбасшылық коуч, тілдік (лингво) коуч бағытын дамытып, адамдарға тіл үйрету-

ге коучинг тәсіл арқылы көмектесіп жатырмын. Коучингте аз сөйлеп, көп тыңдауды үйрендім. Бұл тақырыпта орыс тілінде кітабым бар, ол қазақ тіліне аударылып жатыр. Коучингті ең алдымен өзімнің жеке өмірімді өзгерту үшін және шет тілдерді үйрену үшін таңдадым. Өзім полиглотпын, шет тілдерде сөйлеймін. Қазақ тіліндегі коучингті дамыту бағытында жұмыс істеймін. Коучинг менің жеке тұлғалық дамуыма әсер етті, шешім қабылдауда саналы болуды, өз әрекетім үшін жауапкершілік алуды үйретті. Басқарушылық, коммуникациялық және ойлау дағдыларымды, адамдармен тіл табысу қабілетімді өзгертті. Адамдарды ортақ бір идея төңірегінде біріктіруге, жаңа жобалар бастауыма түрткі болды. 5 жылдан бері ICF International Coaching Federation Қазақстандағы бөлімшесі ICF Kazakhstan Charter Chapter құрамында волонтер ретінде қызмет атқарамын және көшбасшымын, сертификаттау және этика бойынша директорымын. Бүгінде бұл кәсіби коммерциялық емес қауымдастық, Қазақстанда коучинг мәдениетін дамытуға зор үлес қосып келеді. Әлемнің 17 елінен келген 120-дан астам коучты біріктіріп отыр.

— Коучқа ең көп жүгінетін аудитория қандай және ең көп қойылатын сұрақ не? Соңғы жылдары коучингке деген сұраныстың өсуі немен байланысты деп ойлайсыз?

— Коучқа ең көп жүгінетін аудитория кәсіби даму мен өмірлік бағыттарын қайта қарастырып жүрген адамдар. Менеджер, сарапшылар, кәсіпкерлер, өмірінде өзгеріс кезеңінде тұрған адамдар, жаңа қызметке түсіп отырған адамдар, мансап ауысуы, жеке мақсаттарды қайта қарастыру жолындағы адамдар келеді. Ең жиі қойылатын сұрақ адамның мақсаты мен бағытына байла-

нысты, мақсатты қайта қарау және жаңа кәсіби бағыт табу, мағына мен құндылықтарға сәйкес өмір сүру, эмоциялық тұрақтылық және өзгерістерге бейімделу, жеке икемділік пен фокус, көшбасшылық дағдыларын дамыту бойынша сұрақтар қойылады.

Коучингке деген сұраныстың артуы бірнеше факторға байланысты деп ойлаймын. Біріншіден, қазіргі әлемде өзгерістер өте жылдам жүріп жатыр. Сондықтан адамдарға өз шешімдерін саналы түрде қабылдауға көмектесетін әріптестік серіктестік қажет. Екіншіден, психологиялық саулық пен өзін-өзі дамыту тақырыбы қоғам-

кішкентай баламен жұмыс жасайды, коучинг ересек адамдармен жұмыс жасайды. Коучинг Андрагогика бағытындағы даму стилі десек болады. Ол психологиялық травманы емдеуге арналмаған. Мұны нақты айту керек және адам, қоғам мұны есте сақтауы керек.

Коучинг көбіне мақсаттармен, болашақ әрекеттермен жұмыс істейді. Егер әңгіме терең травмалық тәжірибеге қатысты болса, коучтің кәсіби міндеті — оны терапия ретінде талдауы керек, коучинг сессияны терапиялық сессияға айналдырып жібермеуі керек. Қажет жағдайда психолог

қадамды анықтауға бағыттайды.

— Бақытты әйел және бақытты отбасының формуласы бар ма? Қазіргі қазақ әйелінің басты психологиялық мәселесі не деп ойлайсыз?

— Бұл — қызық сұрақ. Мен коуч ретінде бейтарап жауап беруге тырысайын. Менің ойымша, бақытты әйел мен бақытты отбасының бір ғана формуласы жоқ. Қазақ қыз бала тұрмыс құрғанда «бақытты боламын емес, бақытты қыламын деп бар» дейді. Осы сөздің астарында үлкен мән жатыр деп ойлаймын. Яғни, отбасын құру тек қыз баланың емес, ер азаматтың да ішкі дайындығын талап ететін жауапты қадам. Менің түсінігімде адам алдымен өзі жеке тұлға ретінде өсіп, өзімен жұмыс жасап, өз құндылықтарын түсініп алғаны маңызды. Қоғамда кейде «қыз отырып қалмасын», «жігіт отырып қалмасын» деген үрей бар. Осындай әлеуметтік қысым жастарды кейде асығыс шешім қабылдауға итермелеуі мүмкін. Сондықтан жас адам, ең алдымен, өзіне «мен қандай адаммын», «өмірде нені қалаймын», «қоғамға қандай үлес қосқым келеді» деген сұрақтарға жауап тауып алғаны өте маңызды. Сол кезде отбасын құру да, бірін-бірін түсіну де әлдеқайда жеңіл болады. Өзгені түсіну интеллектінің белгісі болса, ал өзінді түсіну даналықтың белгісі. Егер екі адам өзін де, бір-бірін де түсініп барып отырған кұрса, онда қарым-қатынастағы үйлесім табиғи түрде қалыптасарды.

Қазіргі қазақ әйелінің психологиялық мәселесі туралы айтқанда, мен бір ғана ортақ мәселені бөліп айту қиын деп ойлаймын. Өйткені әйелдердің өмір жолы әртүрлі, адамдар әртүрлі, әйелдер де әртүрлі. Білім мен ғылымда жүрген әйелдер бар, медицина саласында еңбек етіп жүрген әйелдер, кәсіпкер әйелдер, отбасын құрып, бала тәрбиелеп отырған аналар қанша, жаңа өмір жолын іздеп жүрген қыз балалар бар, әрқайсының өмірлік кезеңіне байланысты психологиялық сұрақтары мен міндеттері болады. Дегенмен жалпы үрдіске қарайтын болсақ, бүгінгі қазақ әйелі өте

«**Қазіргі қазақ әйелінің психологиялық мәселесі туралы айтқанда, мен бір ғана ортақ мәселені бөліп айту қиын деп ойлаймын. Өйткені әйелдердің өмір жолы әртүрлі, адамдар әртүрлі, әйелдер де әртүрлі.**»

да ашық талқылана бастады. Үшіншіден, ұйымдарда коучингті көшбасшылар мен командалардың дамуына тиімді құрал ретінде қолдана бастады.

КОУЧИНГ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРАВМАНЫ ЕМДЕУГЕ АРНАЛМАҒАН

— Қазір жиі айтыла бастаған бала кездегі травма деген не? Ондай түсінік адамда қалай пайда болады және ересек өмірге әсері қандай?

— Психологиялық травма деп алсақ, қалай қарар едіңіз. Бала кездегі психологиялық травма деген не? Ол баланың психикасында қауіпсіздік сезімін бұзатын немесе ұзақ стресс туғызатын ауыр тәжірибенің әсері деп айтуға болады. Бұл бірреттік ауыр оқиға болуы да мүмкін. Мысалға, зорлық-зомбылық немесе бір апат мәселесі, ұзақ уақытқа созылған қысым мен немқұрайлылық жағдай, мұндай жағдайларда бала

немесе психотерапевке бағыттау керек және этикаға, халықаралық стандартты нормаларға сәйкес кәсіби шебер маман алдына келіп отырған адам травмада отыр ма, білуі керек. Бұл бағыттағы коучтың психологиялық терең білімі, психотерапия бағытында дипломы, тәжірибесі бар маман болса, алдында отырған адамға коуч құралы арқылы емес, терапия құралы арқылы жағдайды дұрыс жеткізе білуі керек.

Соңғы жылдары адамдар «менде травма бар» деп жиі айтып кетті. Бұл енді психикалық денсаулық туралы ашық сөйлесудің артқанын көрсетеді. Әлеуметтік желіде оны байқап, көріп отырған шығарсыздар. Бірақ, кейде психологиялық терминдер күнделікті тілде жеңіл қолданылып кетуі мүмкін. Сондықтан оған атүсті қарамау керек, бүкіл нәрсеге белдік тағып қоймау керек, мынау травма деп. Травма ұғымын кәсіби тұрғыдан дұрыс түсіну маңызды және оны ажырата білу керек.

белсенді, батыл және білімге, дамуға ұмтылатын жандар. Қазақта «әйел бір қолымен бесік тербетеді» деген сөз бар. Қазіргі қазақ әйелдері тек өздерін дамытуға ғана емес, өз отбасын және қоғамды дамытуға да үлкен үлес қосып жүрген жандар.

– Әйел үшін ақша мен руханият тепе-теңдігінің маңыздылығы қандай? Жеке бренд деген не және ол не үшін қажет? Әйелдің ішкі сенімділігін арттыру үшін қандай нақты 3 қадам ұсынар едіңіз?

– Бұл жерде тепе-теңдік өте маңызды. Руханият адамға ішкі тірек береді, мән-мағына және

Әрине, кез келген сала сияқты коучингте кәсіби деңгей маңызды. Коуч өзінің жеке пікірін немесе кеңесін бермейді. Ол көбіне өзінің байқағандарымен бөлісіп, адамның саналы түрде ойлануына көмектесетін сұрақтар қояды. Ол сұрақтар адамның өз құндылықтарын, шешімдерін, жауапкершілігін түсінуіне бағытталады. Сондықтан коучтың халықаралық стандарттар мен этикалық қағидаларды сақтауы өте маңызды. Отбасы – екі адамның жауапкершілігі мен ішкі дайындығын талап ететін маңызды одақ. Осы одақтың ішінде екі адам бірін-бірі дұрыс ести білсе, сыйласа, бір-

беру үшін керек және күн сайын сананы ояту маңызды, сана сергек болу керек. Оған сұрақ көмектеседі.

Соңғы кездері қалыптастырып жүрген дағдым – «жок» деп айта алу. Өйткені басты приоритет – уақыт пен энергия. Сондықтан қазір әрбір жобаны, әр серіктестікті саналы түрде таңдауға тырысамын. Тыныштықта, табиғатта серуендеуге, ойлануға, ең бастысы, өзіме шамадан тыс талап қоймауға, өзіме жанашырлықпен қарауға тырысамын. Йогамен айналысамын, ол ішкі тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі. Шығармашылық хоббиім бар. Түрлі

коучинг саласында жеті жылға жуық уақыттан бері дамып келемін. Осы тәжірибемде клиенттерімнен теріс пікір естіген емеспін. Өйткені көбіне адамдар коучингке ұсыныс арқылы, нұсқау арқылы, кәсіби сертификациясы бар болғаны үшін іздеп келеді. Әрине, бастапқы жылдары интернетте байқағаным бар, ютуб бейнелердің астында «осы коучтар кімдер өздері» деген сияқты күмәнді пікірлер жазылғанын көрген кездерім болды, оны жазған адамдарды түсінуге болады. Өйткені коучингтің мәнін адам өзінің тәжірибесі арқылы ғана түсінеді. Оны теорияны оқып алып түсіне-

қорғау туралы» заң қолданысқа енгізіліп жатыр. Бұл құқықтық бақылау коуч қызметіне қалай әсер етеді?

– «Коучинг қызметі (коуч)» кәсіби стандартының мақсаты – коучинг қызметтерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мамандыққа деген қоғамдық сенімді нығайту және елімізде білім беру бағдарламаларын дамыту мен коучтарды сертификаттаудың негізін қалыптастыру.

Бірыңғай стандарт коуч мамандығы туралы бірыңғай түсінік қалыптастырады: коуч қандай функцияларды атқарады, қандай құзыреттерге ие болуға тиіс және қандай этикалық нормаларды ұстануы қажет екенін айқындайды. Бұл өз кезегінде коучинг нарығын мамандар үшін де, клиенттер үшін де анағұрлым ашық әрі түсінікті етеді. Кәсіптердің ұлттық жіктеуіне коучинг саласына қатысты 9 кәсіби карта енгізілді. Ресми түрде стандарт әр үш жыл сайын жаңартылып, толықтырылуы мүмкін. Осы стандартты әзірлеушілердің бірі – ICF Kazakhstan Charter Charter бөлімшесі. Сонымен қатар Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң қызмет көрсету кезінде жауапкершілікті күшейтіп, клиенттердің құқықтарын қорғауға ықпал етеді.

– Ал коучинг қызметін мемлекеттік реттеу мәселесіне қатысты айтар болсақ, негізгі стандарттар қалай қалыптасады?

– Кәсіби стандарт салалық сарапшылардың, кәсіби қауымдастықтардың және мемлекеттік органдардың қатысуымен қалыптастырылады. Ол мамандықтың негізгі функцияларын және қажетті құзыреттерін сипаттайды. Аталған стандарт ICF Kazakhstan бөлімшесінің жұмыс тобы және басқа да кәсіби қауымдастықтардың өкілдері тарапынан әзірленді. Бұл ұйымдар кәсіби стандарттың өзінде көрсетілген.

Ал халықаралық ұйымдар, мысалы International Coaching Federation (ICF) өздері тікелей оқытумен айналыспайды. Олар коучинг мамандығының құзыреттерін әзірлейді, білім беру бағдарламаларын аккредиттейді және мамандарды тәуелсіз түрде сертификаттайды.

– Оқырманға, аяулы аналарымыз бен ару қыздарымызға, сұлу келіншектерге 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мейрамы қарсаңында қандай тілек айтар едіңіз...

– Құрметті аналар, ару қыздар аналар мерекесі, әйелдер мерекесі қарсаңында сіздерге аманшылық, денсаулық, жүрек тыныштығын тілеймін! Әр әйел өз өмірінде бақытты, қадірлі және қажет екенін сезінсін деп тілеймін. Махаббатқа, қуанышқа, сыйластыққа және жылы сәттерге толы өмір тілеймін! Мерекеміз құтты болсын, құрметті ханымдар!

– Сізге де 8 наурыз мейрамы құтты болсын! Бақытты сәттеріңіз көп болсын!

Сұхбаттасқан
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

ДҮНИМЕНІ ӨЗГЕРТТІ: ӘЛДЕ МОТИВАЦИЯ

құндылықтарды дұрыс түсінуге, өз құндылықтарын тауып алуға көмектеседі. Ал қаржылық тұрақтылық еркіндік пен таңдау мүмкіндігін береді. Әрине, егер осы екеуі үйлесімді болса, адам өмірін саналы түрде құра алады. Бірі екіншісіне қарсы емес, қарама-қайшы келмейді, керісінше, бір-бірін толықтырып тұратын екі маңызды ресурс деп айтуға болады. Ал әйелдің жеке бренді ол қоғамдағы кәсіби бейнесі, құндылықтары, тәжірибесі және адамдарға қандай пайда әкелетіні туралы бір түсінік.

Бүгінгі заманда жеке бренд тек танымал болу үшін емес, сенім қалыптастыру үшін керек. Адам өзінің кім екенін, не және қандай құндылықтар ұстанатынын анық көрсеткен кезде адамдармен кәсіби байланыс орнату да жеңіл болады. Сондықтан әр уақытта білім алу, тәжірибе жинау, танысу, сөйлесу, адамдарға табиғи сенім қалыптастыруда ерінбеу керек. Бұл әрекеттердің өзегінде өзіне деген сенім жатуы керек. Сенім – ішкі күш.

ШАҢЫРАҚТЫ ШАЙҚАЛТПАУҒА БОЛАДЫ

– Елімізде ажырасу мәселесі қазір қатты ұшығып кетті. Жалпы, отбасы құндылығының құлдырауына коучтарды кінәлап жатады. Бұл көзқарасқа сіздің уәжіңіз қандай? Бұл мәселеде коучтың рөлі бар ма? Жалпы, ажырасу қазақ ұғымында қателік десек, негізгі қателік не деп ойлайсыз?

– Бұл мәселеде коуч адамның орнына шешім қабылдамайтынын және не істеу керек екенін айтпайтынын нақтылап айтқым келеді. Ажырасу сияқты үлкен шешімді коучқа келген клиент өзі қабылдайды. Кейде қоғамда коучтарды отбасы құндылықтарының әлсіреуіне себепкер ретінде көрсететін пікірлер кездеседі. Бірақ тәжірибеде жағдай әлдеқайда күрделі деп айтуға болады. Мәселен, коучингте адам өміріндегі маңызды құндылықтарды, қарым-қатынастағы мағынаны, өзара түсінікті зерттеуге бағытталған әңгімелер болады.



бірін құрметтесе, шаңырақты шайқалтпауға болады.

– Әйел мен ер адамның рөлдері туралы көзқарасыңыз қандай? Сіздіңше, қарым-қатынаста жиі жіберілетін қателік не?

– Дәстүрлі қазақ түсінігінде ер адамды аңшы, яғни асыраушы, әйелді үйдің ұйытқысы, берекесі деп сипаттап келген. «Ер – түздің иесі, әйел – үйдің киесі» деген ұғым бар. Ер адам сыртқы тыныштықты, әйел үйдің ішкі үйлесімін сақтайды деген түсінік қалыптасқан. Бірақ қазіргі заманда өмір жағдайлары әртүрлі болып тұр. Әйелдер қазір қоғамда мансап құрып, белсенді қызмет атқарады. Кей жағдайда ерлер де бала күтіміне байланысты декреттік демалыс алып, үй шаруасына жауап беруі мүмкін. Сондықтан қазіргі отбасында рөлдер кейде өзгеріп отыруы заңдылық. Қазіргі заман адамдардан сөйлесу, түсінісу, икемді бола алу технологиясын меңгеруді талап етеді.

– Уақытты тиімді басқарудың жеке әдісі бар ма? Сіз өз уақытыңызды қалай басқарасыз?

– Уақыт – ең қымбат ресурс. Сондықтан уақытты басқару үшін мен күн сайын өзіме бірнеше сұрақ қоямын. Бұл сананы оята-



Дәстүрлі қазақ түсінігінде ер адамды аңшы, яғни асыраушы, әйелді үйдің ұйытқысы, берекесі деп сипаттап келген. «Ер – түздің иесі, әйел – үйдің киесі» деген ұғым бар. Ер адам сыртқы тыныштықты, әйел үйдің ішкі үйлесімін сақтайды деген түсінік қалыптасқан.

тілде әндерге қавер жазамын, жақында өзімнің авторлық өлеңім де жарық көрді. Осындай шығармашылық пен қозғалыс маған күш жинауға және жана энергия табуға көмектеседі.

СЕНІМ ДАҒДАРЫСЫНА ЖЕТКІЗБЕУ МАҢЫЗДЫ

– Коучтарға сын көп айтылады, тіпті алаяқтар деп жататындар да бар. Сіз сын мен хейтке қалай қарайсыз? Өзіңізге сын айтылған кездер болды ма? Ал алаяқ, сауатсыз коучтар, психологтар туралы не айтар едіңіз? Олар бар ғой, оларды сауатты мамандардан қалай ажыратуға болады?

– Кез келген жаңа немесе қоғамға әлі түсінікті болмаған мамандыққа сын айтылуы қалыпты жағдай деп ойлаймын. Мен

мін деген қиын. Дегенмен коучинг процесінен өткенде немесе бұл туралы кәсіби деңгейде танысқанда, оған деген көзқарас әдетте өзгереді.

Адамның білімі мен кәсіби дайындығына назар аудару арқылы шынайы маманды тануға болады. Коучты таңдаған кезде жауапкершілік кімнің мойнында, кім таңдады, ол коучпен жұмыс жасауды кім шешті деген сұрақ өзекті. Сондықтан қызмет ұсынып отырған адамға емес, өзіміздің мойнымызға да тұтынушы ретінде алуға тиіс жауапкершілік бар. Тұтынушы өз құқығын білмеуінің, кәсіби коуч талаптарын ескермеуінің салдарынан алданып қалып жатады.

– Қазіргі уақытта «Коучинг қызметі» кәсіби стандарты және «Тұтынушылардың құқықтарын

Ақ көгершіннен кілтті қалай аламыз? Бұл ақ көгершін өзі бұлбұлдай сайрап ән сала алмайды. Бірақ ән тыңдағанды өт-е жақсы көреді. Ол өзіне ұнайтын сазды әуенді естігенде жаны елігіп, құс сезіміне бөленіп, өзі қосылып айтқысы келеді де «шиқ» деп, көмейін ашып кеп қалады. Сол кезде тілінің астындағы кілт жерге түсе кетеді. Ескерту: ақ көгершін өте сақ. Кілтті тілі астынан түсіріп алған кезде кілттен айырылсын ба, бірден қанатын қомдап жерге ұмтылады. Ал сен үлгеріп алсаң, кілтті алдың, алмасаң, өз обалың өзіне. Кілт жоқ! Кілт болмаса Камалдың қамалындағы алтын сандық та жоқ. Осындай сырды менен басқалары біле ме, білмей ме, оны айтқым келмейді.

Енді бүгінгі әңгіменің басты кейіпкері – Камал Әлпейісовамен таныстырайын. Алтын сандықты Камал – жазушы, ғалым, аудармашы, ақын, әрі журналист, әрі филолог. Ол Қостанай облысы Аманкелді ауданында туған. Еңбек жолын «Ленишіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде бастап, «Қазақстан әйелдері» журналында жалғастырған. 1990 жылы ҚР Жоғары Кеңесінің «Әйелдер ісі, отбасы, ана мен баланы қорғау комитетіне қызметке тұрған. Ал 1994 жылы белгілі сыншы Зейнолла Серікқалиевтің өзі қалап, шақыруы арқасында Жоғары Кеңестің редакциялық баспа бөліміне консультант болған. Жоғары Кеңесте 20 жыл еңбегі сіңген. Парламент Сенатында редакциялық баспа бөлімі бойынша бас консультант, ілеспе аударма секторының меңгерушісі, редакциялық баспа бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 2011-2014 жылдары Президент Әкімшілігінің ішкі саясат бөлімінде қызметтер атқарған.

Камекен – Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы кәсіби ілеспе аудармашыларының бірі. Ал әйел ілеспе аудармашыдан нөмірі бірінші, яғни тұңғышы. Республикалық «Үздік аудармашы» конкурсының тұңғыш жеңімпазы. Филология ғылымдарының кандидаты. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. Бірнеше кітаптың авторы.

Ой-өрісі ұшқыр әрі телегей теңіздей. Жұрттың жанына нұрлы сөзбен нәр беріп, ұрпақ санасын саралап, замандастарының өн бойына ізгіліктің нұрын шашып, әр жүрекке жылу сыйлағыш қазақтың зиялы қызы.

Камалдың өмір тарихына, қызмет жолдарына, ғылыми еңбектеріне, аудармаларына, проза жанрындағы әңгімелер жинақтарына және қазақша-орысша-ағылшынша шығарған фразеологиялық сөздіктеріне аялдамай, Камалдың ақындық өнері жиналған алтын сандығын ақтарып көрсетсем деген ойдамын (Ақ көгершіннен кілтті алғанмын).

Қолымда «Жүрегімде жасырған жырларым» атты кітап. Бұл кітап 2023 жылы Мәдениет және спорт министрлігінің (қазір Мәдениет және ақпарат министрлігі) «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша ЖШС РПБК «Дәуір» баспасынан жарық көрген. Осы кітаптың бірінші бетін ашқанда «Оқырманға арнау сөзде» Камекен бүй дейді:

Камалдың Жүрек деген өзі нәзік, бірақ беріктігі қытай қорғанынан да асып түсетін қамалы бар. Ертегі оқығанымыздай түсінсек, бұл қамалда үлкен алтын сандық бар. Алтын сандықты ашсаң, оның ішінен күміс сандық шығады. Күміс сандықты ашсаң, мыс сандық көрінеді. Мыс сандықты ашқанда жез сандықты көресің. Сол жез сандықта құлып тұр. Құлыптың кілті қайда? Сандықтар тұрған жердің ең жоғары жағында жұрт көзіне түспей, қонақтап отырған ақ көгершінде. Ақ көгершіннің тілінің астында.

Камалдың



– Өлеңді жүйелі жазған емеспін. Ара-тұра мен түсінбейтін бір күшпен тілімнің ұшына оралатын шумақтардың кейбіреуі қағазға түсетін, бірталайы түрлі себеппен ұмыт болды. Сақталып қалғандарын, оның ішінде тәрбиелік мәні бар-ау деген жырларымды жиын-тойларда оқитын батылдық та бірден пайда болған жоқ, – деп әрмен қарай: – Жүректен шыққан өлең де өзінің туған бала сияқты. Дүниеге келтірген екенсің, ол да өмір сүруге тиіс. Әр өлеңімнің, оқыған кезімде жұртты ұйытып, біреулерді жұбатып, біреулерге жігер беріп, біреулерді болашаққа жетелейтінін көрдім. Әлі талай оқырманға ой салып, кәдеге жарайтынына сенімдімін, – деп Камал ағынан жарылған.

Өлеңдер жинағының көлемі әжептәуір 224 бетті қамтиды. «Өмірімнің өрнегі», «Сезім елі», «Мың құбылған заман» атты таулай-таудай үш бөлімнен тұрады. Жыр басы «Ұлы Абайға» деген төрт шумақты өлеңмен басталған.

– Сен мені кінәлама, ұлы баба,
Өлеңімнің бірі мұң, бірі нала.
Жыр жазар көздің жасын сүртіп алып
Мен қазақ қыздарының бірі ғана.

Сен маған ақыл айтшы, дана Абайым,
Сая іздеп, қай жерді енді сағалайын?
Басымды тау мен тасқа ұрып жүріп,
Мен қалай шуақты жыр жаза алайын?

Өмірімді өлең деп айта алмаймын,
Күн түнеріп, аспанда шайқалды айым.
Бола ма деп дос-туыс ара ағайын
Қабағына әркімнің жаутаңдаймын.

Өзіңдей «сап, сап көңлім», дедім баба,
Ауырлық басымда емес менің ғана,
... Әлі-ақ болам бір тұлға елім үшін:
Жолы-бөлек, сөзі асқақ, үні дара!



Ой-өрісі ұшқыр әрі телегей теңіздей.
Жұрттың жанына нұрлы сөзбен нәр беріп,
ұрпақ санасын саралап, замандастарының
өн бойына ізгіліктің нұрын шашып, әр
жүрекке жылу сыйлағыш қазақтың
зиялы қызы.



Түсініп оқыған жанға ой салатын шумақтар. Мұң мен қайғысыз адам жоқ. Әрбір пенденің ішкі әлемінің жан сыздатар жарасы бар. Ондай жарасы барлар ауырлықты әрқайсысы әрқалай көтереді. Еті тірілер болса, мұндайларды сілкіп тастайды. «Мендегі ауыртпалық ешкімді қызықтырмайды. Бүйтіп сыртқа сорлы көрінгенімше қайғы-мұңға қарсы тұруым керек» дейді. Автор осының бәрін небәрі төрт шумақ өлеңге сыйғызып отыр. Бұл деген шеберлік емес пе? Қазіргі заманда көзінің жасын төге, басын тау мен тасқа ұра, әркімнің

қабағына жаутаңдай қараған қазақ қыздары аз емес. Сол қыздарға «Еңсенді түсірме, езілме, бойынды тік ұста!» дейді. «... Әлі-ақ болам бір тұлға елім үшін, Жолы-бөлек, сөзі асқақ, үні дара!» – деп қайрат пен жігер берумен жыр аяқталып, санаң салмақ салатын, жан дүниенді күйрететін пенделік ойлардан арылтады.

Біздің бала кезімізде Радж Капур деген сүйікті үнділік актер болған. Сол Радж Капур алыста оқуда жүрген қызына хат жазыпты. «Егер сен күлсең, жадырап жүрсең, бүкіл әлем күледі, жадырайды.

Егер сен қайғыратын болсаң, ешкім де қайғырмайды. Осыны әркезде біліп жүр» деген екен. Камекен де төрт шумақтың қорытындысында осындай ой айтқысы келген. Мұны «Жарайсың, Камеке!» деп бағасына «5»- деген баға қойып, атап өтпеске? Керемет қой!

Камекеннің өлеңдерінде ерекше аналық мейірім тұнып тұр. Барлық адамға негізі керегі мейірім екенін, сондай-ақ, барлық адамға жетпейтіні де мейірім екенін ұқтырады. Шынында, бүкіл адамзатты ұстап тұрған мейірім десек қателеспейміз. Мейірімділікті көрген сайын, оның шапағатын сезінген сайын адам тек жақсылықты ойлай береді. Мәселен, «Келінімді көргенде» деп аталатын өлеңді оқып көрейікші:

— Жүзің қандай ашық еді арайлым,
Сені көріп ұмыт болды талай мұң.
Таң нұрындай арайлаған жүзіңе,
Тоймай-тоймай мейірлене қараймын.

Жүзің қандай нұрлы еді жарығым,
Елжіретті ерке еліктей қалыбың.
Үміт, күдік дірілдеткен жаныңды,
Үркектеген тұрысыңнан таныдым.

Көктем гүлі қызғалдақтай көркемім,
Нұрлы болсын Нұрболыңмен ертеңің.

Шарқ ұрып жаным,
Жалқы үміт медеу болғанда
Кезігейін деп жүр ме едің?

Жаныммен ұғып,
Тіл қатыса алмай өзіңмен.
Кетсем де сонда
Бір асқақ күйді сезінгем.
Шымырлай тарап,
балқытып бойды барады

Төгілген шуақ көзіңнен...
Бұл барша қыздың басында бар махаббат. Осынау жыр жолдарын оқып отырып, әр қыз өз жүрегінен шыққандай қабылдары анық. Енді мына «Сағыныш» деген өлеңін оқиық:

— Асықпаңыз осы күнге бекер біз,
Кездесуді күттік пе екен екеуіміз?
Шуақ төгіп, елжіресе қараймыз,
Мейірімге сусап қалған екенбіз!

Бұла сезім бұлқып қайта оянды,
(Бұл сырымыз өзімізге аян-ды)
Шалғай жүріп шарқ ұрыпты көңілдер
Көрінгенмен тірлігіміз баянды.

Қарай берші жанарыңнан нұр құйып,
Толғанайын жүрегіммен жыр құйып.
Әлемдегі барлық асыл теңеулер
«Жаным» деген бір сөзіңе тұр сыйып!

— Өзеннің арғы жағында
Сезіммен күйіп-жанғанмын,
Бақыттан еріп жан-тәнім,
Рақатын кешкем жалғанның.
Жеті қат аспан көгіне
Шарықтап ұшып барғанмын,
Жап-жарық етіп жанымды
Ақ шарбы бұлты арманның.



Меніңше, адамдардың бәрі жалғыз. Әсіресе, жаны таза адамдар жалғыз. Өйткені олардың жүрегі нәзік, жан дүниесі кіршіксіз мөлдір. Сен жалғыз қалған сайын қасыңда бұрын болған адамның қадірін түсінесің.



Өзеннің екі жағасын
Махаббат көпір жалғайтын.
Өрттейін еді жүректер
Еріндер тәтті балдай-тын.
Арада сан жыл өтсе де,
Кезім жоқ еске алмайтын.
Арғы беттегі шырын шақ
Мәңгілік сиқыр арбайтын.

жалғызсырайды. Ал кейде бір адаммен кездесші, көңілің көктем сол сәтте келеді. Жаның нұрланып, ерекше шуаққа бөленеді. Камалдың жеткізгісі келген ойы осы.

Камал әу бастан өзінің бойындағы ақындық талантты өзі танып білмеген деп ойлаймын. Өзімен бірге қызметте бірге болған Бақытжан Әзірбаев (Кенен Әзірбаевтың ұлы) бір күні: «Камал, сен бірыңғай өлең жолына түскенде біраз жерге барар ең» депті. Мен де бұл айтқанды құптар ем. Біраз жер дегені, меніңше ақындығы биік тұлғалар — Фариша Оңғарсынова, Ақұштап Бактыгереева, Күләш Ахметова сынды ақын апалары шыққан шың шығар. Кітаптағы өлеңдерін оқып, саралап отырып, маған да сондай ой келді. Ертеде грек философы Фалес Милетскийге бір кісі: «Ең қиын не?» деп сұрақ қойыпты. Сонда философ: «Өзінді өзің тануың» деген екен. Сондай-ақ Камал да бойдағы дарын мен талант күшін о бастан танып біле алмай қалды ма екен деген бір ой басымда қалды.

Мемлекеттік қызметтің жауапкершігі мол екенін өзім білем. Ал Президенттің мәжіліс залында, Парламент Сенатында небір әлем өкілдерінің қатысуымен халықаралық алкалы жиыны өтіп жатқан шақта синхронды аудармашылардың қызметін көзге елестете, менің түсінігімде жан беріп, жан алысқанмен бірдей. Осындай әр минут пен секунд есептеулі жауапты қызметте жүріп Камалдың ойға келе қалған өлең шумақтарын есте сақтау қабілеті бір басының ішінде екінші бас бар-ау деп ойлауға мәжбүр етеді.

Жинақтағы біраз өлеңге (нақтысы 10 өлең) Мақсат Жәутіков, Қалибек Деріпсалдин, Шолпан Қорғанбек, Серікжан Әбдінұров сияқты республикамызға есімі танымал композиторлар ән шығарған. Демек, Камалдың өлеңі әдемі сазды әуенмен екінші рет жанданып, өз өмірін әрі қарай жалғастыруда. Бұл, әрине өмірдің ең үлкен сыйы. Жинаққа енген 175 өлең мен жырдың бәрі тілі, қырылымы, ұйқасы жағынан бәрі тап-тұйнақтай, қыздың жиған жүгіндей көркем. Камалдың алтын сандығын ашқандағы менің берген бағам осындай.

Өріс ЯШУКІРҚЫЗЫ,
Жазушылар одағының мүшесі,
халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының иегері

АЛТЫН САНДЫҒЫ

Өзің келіп, шынға айналды бүгінде
Күні кеше армандаған ертегім...

— деп ақын қыз, оқырмандарын өмірдің мәні мен мағынасы адамға деген мейірімде, сүйіспеншілікте екенін түсіндіреді. Бір адамды құрметтесең, ол да сені құрметтейді. Жүректегі жылылықты жоғалтпа. Ол сенің ізгілігің, парасаттылығың, неғұрлым шуақты болсаң, соғұрлым қуатты боласың деп ұқтырады. Келінін өз баласымен бірдей көріп, жанына жақындата түседі. Бұл өлеңді оқыған әрбір ене мен келін бойына қуат алатыны сөзсіз.

Жинақтың ішін әрі қарай парактай берейік. «Ана әлді», «Бөпешім», «Бесік тербету», «Каникулға асығу», «Төлбасым», «Келінімді көргенде», «Ұлыма», «Келінге арнау», «Қызығым менің», «Күйеу балаға арнау», «Қызыма тілек», «Акеркеге», «Демала ғой», «Әлди-әлди, немерем» т. б. көптеген өлең шығады. Өлең «Жақсы сөз сөйле, жақсы жауап естисің. Қасындағыға камкор бол, өзін одан камкорлық көресің. Жылы шай бермесенде, жылы сөйле. Жылы сөздің қуаты өте күшті» деген ізгілікті насихаттайды.

Камалдың махаббат, сүйіспеншілік, ғашықтық тақырыбындағы лирикалық өлеңдері де өрттей қызулы, жанып тұр. Мысалы, «Кездестім саған...» деген өлеңінде:

— Кездестім саған
Көңілде әсем күй тұнды.
Еліте ерттің әлемге сұлу сиқырлы.
Бейуақта келіп,
жүректің қақтың қақпасын,
Ұрладың менің ұйқымды.

Қай жақтан келдің,
Қалайша таптың білмедім.
Өшкелі тұрған жүректің отын үрледің



Бұл ғажап жанды сурет дер едім. Суретшіге таптырмайтын тақырып. Сағынышпен екі махаббат иесінің кездесуі. «Махаббат» деген полотноға сұранып тұр. Ал Камал болса үш ауыз өлеңге осы полотноны сыйғызған. «Өзеннің екі жағасы» өлеңінде:

Міне, Камал жырлаған махаббат! Елітесің. Келістіріп қалай жырлаған деп танданасың. Арғы жағалаудан баяғы махаббаттын күнде сағына еске алып жүрген белгісіз жанның жалғыз өзі күтіп жүргенін бір жағынан аяйсын. Бірақ оған көмектесе алмайсың. Уақыт қаш-



7 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

«ӘЙЕЛ БІР ҚОЛЫМЕН БЕСІКТІ ТӨРБЕТСЕ, ЕКІНШІ ҚОЛЫМЕН ӘЛЕМДІ ТӨРБЕТЕДІ» дейді қазақ даналығы. Бұл тәмсілдің тереңінде әйел затының қадір-қасиеті мен маңызы, қоғамдағы айрықша орны айқындалады. Бүгінде ұрпақ тәрбиелеумен шектеліп ғана қалмай, әр саланың тасын өрге домалатып жүрген аруларымыз аз емес. Әсіресе, билік баспалдағында бедел биігінен көрінген бұрымдыларымыздың саны артуда. Шұғылалы көктемнің шырайлы 8 наурыз мерекесі қарсаңында осы билік мінберінде жүрген әулиеаталық әкім әйелдер хақында сөз етпекпіз.

КӨНЕ ШАҒАРДЫ КӨРКЕЙТКЕН ҚАРЛЫҒАШ

Быттыр Тараз қаласының көкжиегі кеңейіп, жаңадан екі аудан құрылғаны белгілі. Жаңа аумақтың тірлігін тіктеп, жұмысын жүйелеу кімге болса да оңайға соқпасы анық. Бұл тек өз ісін жетік білетін білікті мамандардың ғана қолынан келеді. Осыны жете түсінген Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков шаһардағы Жібек жолы ауданының тізгінін бұған дейін де іскерлігімен танылған Қарлығаш Аралбековаға сеніп тапсырды. Еңбек жолын Алматы қаласындағы ASIC жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің менеджері болып бастаған Қарлығаш Әмірқызы әр жылдары «АТФ Банк» акционерлік қоғамының бас маманы, басқарма бастығы, «Альяс Банк» акционерлік қоғамының басқарма басшысы, Жамбыл облысы кәсіпкерлер палатасының директоры, облыстық Кәсіпкерлік пен индустриалды-инновациялық дамыту және туризм басқармаларының басшысы, Мәдениет және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің басқарма басшысы, Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы секілді мемлекеттік қызметтің түрлі сатысынан өтіп, еңбек майданында әбден шыналды.

Қазір ол осынау мол тәжірибесін Жібек жолы ауданын көркейтуге жұмсап келеді. Соның нәтижесінде аудан дамудың жаңа кезеңіне қадам басуда.

— Быттыр қала әкімінің қолдауымен аудан аумағында ауқымды жұмыстар атқарылды. Биыл да бірқатар жарқын жобаны жүзеге асыруды көздеп отырмыз. Атап айтсақ, биыл 42 көшені жөндеуден өткізу, ұзындығы 23 шақырымға жуық 35 көшені жарықтандыру, 8 балалар ойын алаңшасын салу, 31 қоқыс алаңшасын жаңғырту, 78 аялдаманы жаңарту секілді ілкімді істер қолға алынады. Бұл жұмыстардың барлығы жоспарға сай, кезең-кезеңімен іске асырылады, — дейді Қарлығаш Әмірқызы.

Иә, қаладағы қырық қатпар тірліктің қыбын табу оңай шаруа емес. Бұл орайда бұқараның көкейіндегісіне құлақ түріп, күрмеуі қиын мәселелердің тамырынан тап басып, түйінін тарқатып жүрген Қарлығаштай әкімнің еңбегі көпке үлгі.

АҚБАСТАУДЫҢ АЖАРЫН АШҚАН НҮРСҰЛУ

Бүгінде Жамбыл ауданы, Ақбастау ауылдық округінің тізгінін ұстаған Нұрсұлу Дүзееваның да есімі елге сыйлы. Еңбек



Әлемі әдемі әкім Әйелдер

жолында «Берік» шаруа қожалығының есепшісі, Ақбастау ауылдық округі әкімдігінің бас маманы-әскери есеп жүргізушісі, салық агенті секілді қызметтерді атқарған Нұрсұлу Лутфуллақызы аталған округті 2012 жылдан бері басқарып келеді.

Құрамына Бірлесу-Еңбек және Шоқай ауылдары кіретін округте осыдан 20 шақты жыл бұрын тұрғындарды толғандырған маңызды мәселелер шаш етекпен болған. Ауыл балаларының мектепке көктем мен күздің лайсан күндерінде белуардан батпақ кешіп баратын сәттері де аз болмаған. Міне, осы ауылға іскер басшы Нұрсұлу Дүзеева әкім болып тағайындалғалы талай тірліктің тамырына қан жүгіріп, қаншама түйткілдің түйіні тарқатылды. Округтегі 7 көшеге тегіс асфальт төселіп, оқушылардың сабаққа барып-қайтуы жеңілдеді. Сондай-ақ Шоқай ауылының кіреберісінен жаңа мектепке



Бұл жауапкершілік жүгін арқалап, халық артқан сенімді ақтап жүрген нәзікжанды әкімдердің бір парасы ғана. Бұл қатарда Жуалы ауданы Қарасаз ауылдық округінің әкімі Жанар Нұрмұратқызы, Меркі ауданындағы Аспара ауылдық округінің тірлігін тіктеген Гаухар Оспанбекова сынды мемлекеттік қызметтің биік мінберіне көтерілген майталман мамандар да бар.

барар жол салынып, Бірлесу-Еңбек ауылының Жапарбеков, Сәтбаев, Абай көшелері толығымен жарықтандырылды. Округтегі игі істер тек мұнымен шектелмей, екі ауылға да газ құбыры мен ауызсу жүйесі тартылып, қазір тұрғындар көгілдір отынның қызығын көріп келеді.

— Қазір ауылымызда жұмыссыздықпен күрес жүйелі жүрде. Бұл бойынша ел болашағы — жастармен тікелей жұмыс істейміз. Ауылымызда 241 жас нақты жұмыс атқарып жүрсе, 137 жас өзін-өзі жұмыспен қамтыған. 12 жас азамат кәсіпкерлікті жолға қойды. Сондай-ақ округ іргесіндегі «Қазфосфат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде Бірлесу-Еңбек ауылынан — 113, Шоқай ауылынан 8 адам еңбек етеді. Аталған зауыт басшыларының қолдауымен Бірлесу-Еңбек ауылындағы үлкен футбол

алаңының сырты қоршалып, кіреберіске арқа тұрғызылып, Жапарбеков, Есімов көшелеріне шағал төселді. Сонымен қатар «КнауфГипсТараз» компаниясы тарапынан округке қарасты екі ауылға да кіші футбол алаңы салынып, мешіт жанынан асхана құрылысы жүргізілді, — дейді округ әкімі.

2021 және 2025 жылдары өткен округ әкімдерін тікелей сайлау кезінде Нұрсұлу Лутфуллақызы ең көп дауыс жинап, тұрғындардың қолдауына ие болды. Бұл білікті басшыға деген халық сенімінің айқын көрінісі екені анық.

КӨПКЕ ҮЛГІ БОЛҒАН КҮЛЖАХАН

Қордай ауданындағы Қарасай ауылдық округінің әкімі Күлжахан Елемесованың да іскерлігі мен тиянақтылығы алдыңғы екі әріптесінен еш кем емес. 2018 жылдан бері аталған округті басқарып келе жатқан Күлжахан Алмасқызының талап қоя білетін табандылығы — бүгінде баршаға үлгі. Осындай нағыз басшыға тән игі қасиеттерінің арқасында кейіпкеріміз 2023 жылы мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыру және нығайтуға бағытталған дәстүрлі «Үздік ауыл әкімі» республикалық конкурсының жеңімпазы атанды. Әлбетте, бұл марапатқа дәл Күлжаханнның лайық деп танылуы кездейсоқтық емес. Себебі оның басшылығымен ауылдық округтің 118 гектар жер теліміне алма бағын интенсивті суару жүйесімен өсіру бойынша инвестиция тартылып, спорт-сауықтыру орталығын салу, мектеп пен жолдарды жөндеу сияқты бірқатар әлеуметтік маңызды жобалар іске асырылған.

— Алғашында өз ауылыма әкім болу оңайырақ болар деп ойлағанмын. Әсте олай болмай шықты. Дегенмен бұл жауапкершілігі мол қызметке өз ауылыма деген сүйіспеншілік алып келді десем, қателеспеймін.

Аудан орталығынан 119 шақырым қашықтықта орналасқан ауылдық округтің аумағы 24 мың гектарды құрайды. Оған Қарасай батыр және Еңбекші ауылдары кіреді. Округте бүгінде 12 ұлт өкілінен құралған 4 мыңнан астам адам тату-тәтті тұрмыс кешіп келеді. Ауылда мемлекеттік бағдарламалардың қолдауымен көптеген жұмыс атқарылуда. Айталық, «Ауыл — ел

бесігі» жобасы аясында округтің ауылшілік жолдары және қиылыстары толықтай орташа жөндеуден өтті. Салауатты өмір салтын дамыту мақсатымен екі ауылда да шағын футбол алаңшалары салынып, спорттық сауықтыру кешені пайдалануға берілді, — дейді Күлжахан Алмасқызы.

Округ басшысы ауыл белсенділерімен бірге игерілмей жатқан егістік жерлері бар шаруа қожалығының иелерімен келісіп, үш қожалықтың 160 гектар жерінде «Азия сад» серіктестігінің құрылуына және бақты суару мәселесін шешуге тікелей ықпал еткен. Осылайша, ол жақта бүгінде 118 гектар жерге тамшылатып суару жүйесімен интенсивті алма бағы өсірілуде. Бұл бақтың ерекшелігі — ағаштарға зиянкестердің, бұршақтардың кіруіне жол бермеу үшін оған тіректер орнатылған. Ауылдық округтің климаттық жағдайы бау-бақша өсіруге қолайлы.

Бүгінде «Азия сад» серіктестігі 30 адамды тұрақты, 300 адамды маусымдық жұмыспен қамтуда. Компанияның жылдық кірісі де күн санап артып келеді. Алдағы уақытта өнімнің көлемі мен сапасын ұлғайтып, алманы шетелге экспорттау көзделіп отыр.

АБЫРОЙ АСҚАРЫНДАҒЫ АҚСАНА

Ауыл тұрғындарының тұрмысын түзеп, әл-ауқатын арттыруға күш салып жүрген нәзік жанның бірі — Мойынқұм ауданына қарасты Жамбыл ауылдық округінің әкімі Ақсана Қалыбаева.

Ақсана Жамбылқызы бұл қызметке 2023 жылы келді. Оған дейін Шу, Мойынқұм аудандарының білім, ішкі саясат бөлімдерінің тізгінін ұстап, мемлекеттік қызметтің қазанында қайнап, қарым-қабілетін жан-жақты шындады. Соның нәтижесінде қазір жамбылдықтардың ыстық ықыласына ие. Бұл сөзімізге округ әкімі тарапынан жүзеге асқан жемісті жұмыстар дәлел. Басқасын былай қойғанда, 1 300-ден аса тұрғыны бар елді мекенде соңғы 6 жылда бірде-бір қылмыс тіркелмеді.

— Ауылымызда соңғы 6 жылдың бедерінде бірде-бір қылмыс жасалған жоқ. Пробациялық есепке де ешқандай азамат алынбады. Себебі тәртіп сақшыларымен бірге жастармен жүйелі жұмыс істеп, жиі рейд шараларын жүргіземіз. Нәтижесінде, жастарымыз теріс тірліктен аулақ болып, ауылымызды дамыту жолында жұмыла еңбек етіп жүр. Мәселен, олар өздері қаржы жинап, мешіт жанынан қатымхана салып берді. Одан бөлек, ауылда бос тұрған ғимаратты жөндеп, күрес және бокспен шұғылданатын зал ашты. Осындай озық ойлы жастарымыздың болғаны — біз үшін мақтаныш, — дейді Ақсана Жамбылқызы.

P.S.

Әрине, бұл жауапкершілік жүгін арқалап, халық артқан сенімді ақтап жүрген нәзікжанды әкімдердің бір парасы ғана. Бұл қатарда Жуалы ауданы Қарасаз ауылдық округінің әкімі Жанар Нұрмұратқызы, Меркі ауданындағы Аспара ауылдық округінің тірлігін тіктеген Гаухар Оспанбекова сынды мемлекеттік қызметтің биік мінберіне көтерілген майталман мамандар да бар. Аталған ауыл әкімдерінің бағасын алдағы уақыт пен көзіқарақты жұртшылық беріп жатар. Ал біз өз тарапымыздан ел игілігі жолында атқа қонып, тізгін ұстаған әулиеаталық ару өкімдерімізге тек толайым табыс пен жемісті жұмыс тілейміз!

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Атырау облысына қарасты Индер өңірі – табиғи қазба байлықтарға аса бай аймақтың бірі. Аудан аумағында тұз, бор, калий секілді пайдалы қазбалардың мол қоры бар. Осы байлықтардың ішінде Тұздықөл ерекше орын алады. Емдік қасиетімен танымал бұл көл өндірістік маңызымен ғана емес, сонымен қатар туристік әлеуетімен де ерекшеленеді. Соңғы уақытта Тұздықөлге қатысты мәселелер қоғамда кеңінен талқыланып, өндіріс, экология және туризм бағыттарын қатар дамыту қажеттігі айтылып жүр.

ӨНДІРІС ПЕН ИНВЕСТИЦИЯ: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Соңғы жылдары Индер өңіріндегі табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Бұрын ерекше қорғау аймағына жатқызылған Индер тұзы Үкімет шешімімен бұл мәртебеден алынғаннан кейін, көл маңында геологиялық барлау жұмыстары басталды. Бұл жұмыстарды «Арал тұз» компаниясы жүргізіп жатыр.

Индер ауданының әкімі Серік Нысанбаевтың айтуынша, аталған жоба аудан экономикасына тың серпін беруге бағытталған.

– Индер аумағындағы пайдалы қазбалар әлеуетін тиімді пайдалану және өндірістік бағытты дамыту мақсатында Қытайға жұмыс сапары ұйымдастырылып, аспан асты елінің кәсіпкерлері мен инвестициялық серіктестіктер өкілдерімен бірқатар екіжақты кездесу өткізілді. Қытай тарапы мергель мен калий тұздарын өндіру және өңдеу жобаларына қызығушылық білдірді. Қазір аталған жоба аясында қатты пайдалы қазбалар қорларын барлау жұмыстарын жүргізу үшін SHENG QUAN POTASIN LIMITED компаниясына Қазақстан Республикасының уәкілетті министрлігі тарапынан тиісті лицензия берілді. Барлау және зерттеу жұмыстары 3-3,5 жыл көлемінде жүргізіледі. Алдағы кезеңде осы жобалар іске асқан жағдайда аудан экономикасының өндірістік бағыты жаңа деңгейге көтеріліп, жаңа жұмыс орындары ашылады деп жоспарлануда, – дейді аудан әкімі.

Әкімнің айтуынша, тұз өндіру мәселесі де алдағы уақытта қоғамдық тыңдаулар арқылы қаралып, барлық жұмыс заң талаптарына сай жүргізіледі. Инвестор ретінде

ТҰЗДЫКӨЛДІҢ

ТАҒДЫРЫ НЕ БОЛАДЫ?



келген компания өндірісте заманауи технологияларды қолдануды жоспарлап отыр.

ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ: ЖЕРГІЛІК ТҰРҒЫНДАРДЫҢ АЛАНДАУШЫЛЫҒЫ

Дегенмен өндірістік жобалармен қатар, экологиялық қауіпсіздік мәселесі де өзекті болып отыр. Көлдің табиғи жағдайы мен оның болашағына аландаушылық білдіріп жүрген тұрғындар мен сала мамандары да бар. Тұз кәсіпшілігінде ұзақ жылдар еңбек еткен, бүгінде зейнеткер Жолдас Дошқаев бұл мәселеге қатысты өз пікірін білдірді.

– Тұз көлінің экологиялық жағдайы – әркез көтеріліп жүрген мәселе. Соның ішінде көлдің ластануына ең үлкен қауіп төндіретін – «Ақсайдың сайы». Ол кенттің шетінен басталып, көлге барып тіреледі және жолшыбай көптеген саймен тоғысады. Кезінде «Рудник» сол сайдың көлге құяр тұсына бөгет тұрғызып, оны «қоныр бөгет»

деп атаған. Кейін «Индер Тұз» кәсіпорны жыл сайын көктемде және күзде оны қалпына келтіріп, күтіп ұстап отыратын. Ал кәсіпорын банкрот болғаннан кейін бөгет қараусыз қалып, отыз жыл бойы саймен аққан лас сулар көлді бүлдіріп келеді, – дейді ол.

Зейнеткердің айтуынша, бұрын бөгет маңында жиналған қар мен жанбыр суынан үлкен тоған пайда болып, оның тереңдігі кей жылдары 3–4 метрге дейін жеткен. Сол маңда тобылғы, жынғыл, изен секілді өсімдіктер өсіп, мал жайылымына да, аң-құсқа да қолайлы орын болған.

– Қазір оның бірі де жоқ. Есесіне, сай көлді бүлдіретін үлкен нысанға айналды. Осы мәселені қоғамдық кеңесте көтеріп, талқыласа жақсы болар еді. Сонымен қатар көлде жұмыс жасайтын мекемеге сол бөгетті жөндеп, күтіп ұстауды міндеттеу керек, – дейді ол.

ТЕХНОЛОГИЯ ТАҢДАУЫ МАҢЫЗДЫ

Маманның пікірінше, тұз өндіру технологиясын таңдауда да көлдің табиғи ерекшеліктерін ескеру қажет.

– Мен Ресейдің Астрахань облысындағы Басқұншақ тұз кенішінде бірнеше рет болдым. Ол көл біздің көл сияқты, бірақ көлемі әлдеқайда үлкен. Онда тұз қабаты өте қатты болғандықтан, тұздың бетіне рельс төсеп, арнайы комбайнмен 6–7 метр тереңдікке дейін қазып өндіреді. Алайда уақыт өте келе көл беті толған шұңқырға айналып, кен орнын игеру қиынға соққан, – дейді Ж.Дошқаев.

Оның айтуынша, Индер көлінде бұрын қолданылған қалқымалы понтонға орнатылған фрезерлі комбайн арқылы өндіру технологиясы әлдеқайда тиімді болған.

– Бұл технология арқылы тұз бір мезгілде жуылып, жоғары сапалы өнім алынды. Тұздың сапасы 99 пайыздан жоғары болды. Сонымен қатар бұл әдіс көлдің табиғи режиміне айтарлықтай зиян келтірмейді, – дейді ол.

Маманның айтуынша, Индер көлі – табиғи жүйесі ерекше көл. Ол жерасты суларымен байланысып, өзін-өзі толықтырып отырады. Сондықтан көлдің табиғи тепе-теңдігін сақтау – басты міндет.

Сонымен қатар аудан аумағында тарихи және туристік маңызы бар нысандарды дамыту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Солардың бірі – «Димаш төбе». 1978 жылы мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың ауданға сапары кезінде қазба байлықтарды таныстыру мақсатында ұйымдастырылған көрме былтыр қайта жаңғыртылып, ашық аспан астындағы мұражай ретінде келушілерге ұсынылды.

Мамандардың пікірінше, Индер көлінің болашағы өндіріс, экология және туризм бағыттарының теңгерімді дамуына байланысты. Табиғи байлықты тиімді игеру арқылы экономиканы дамыту маңызды болғанымен, көлдің экологиялық жағдайын сақтау да басты назарда болуға тиіс.

Бұл тұрғыда қоғамдық талқылаулар мен ғылыми негізделген шешімдер қабылдау – уақыт талабы. Табиғи байлықты игеру мен оны қорғау арасындағы тепе-теңдік сақталған жағдайда ғана Тұздықөл мен Индер көлі өңірдің тұрақты дамуына қызмет ете алады.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Сатып алуға ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі – Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі –Регламент) 20-бабы негізінде ашық конкурстар тәсілімен Университеттің медициналық клиникаға қажетті құрылғыны техникалық ерекшелікке сәйкес сатып алу.

Көлік шассиіндегі жылжымалы рентгендік маммографиялық кешен сатып алу (жеткізу мерзімі – 120 күн)

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысушылар Университет Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. Әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;

3. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат құжаты болуы және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсыну отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсыну қажет.

4. Әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда, соңғы бес жыл ішінде тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);

5. Әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы орындаушы (басқарушы) қызметкерлерінің

құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

6. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

7. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың конкурстық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкестігін растайтын, халықаралық ережелерге сай аккредиттелген сапаны тексеру ұйымдары тарапынан берілген ISO сертификаттары және тауарды өндіруші ұйымның ресми дилері екендігін нақтылайтын құжаттары және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында уәкілетті органдар қолдануға рұқсат етілген құжаттары;

8. Басшылық талап еткен жағдайда тауарлардың сапа сәйкестігін растау үшін олардың үлгілері, каталогтары және/немесе суреттері. (Жеңімпаз болып табылған жеткізуші жеткізілетін тауарлардың үлгісін тапсырыс берушімен келісуі қажет)

9. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет;

Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 30.03.2026 ж. (12:00), 201-кабинет.

«МАК» ӨСК» АҚ Алматы қ. бойынша филиалдың мекенжайдың өзгергені туралы хабарлайды. Барлық сұрақтар бойынша: +7 727 331 99 73, +7 705 776 35 99 Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі, 98, 2-кабат, 204-кабинет

ҚР 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI «Табиғи монополиялар туралы» заңының 25-бабы 10-тармағына сәйкес «Астана су арнасы» МКК тұрғындарды, кәсіпорындар мен ұйымдарды реттелетін қызметтеді тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға көрсету бойынша жыл сайынғы есеп беру өткізілетінін хабарлайды.

Субъектінің атауы: «Астана су арнасы» МКК

Есептік кезең: 2025 жыл

Жыл сайынғы есептің өткізілетін уақыты және орны: 2026 жылғы 02 сәуірде, сағат 15:00-де, Астана қаласы, Абай даңғылы 103 (акт жалпы және онлайн-конференция тәртіптемесі)

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері: сумен жабдықтау және кәріздендіру.



7 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

Бұрын 8 наурыз мерекесінің символы – мимоза гүлі саналса, бүгінде мерекені тойлайтын елдер үшін Әйелдер күнінің символы – қызғалдақ. Наурыз келсе, қызғалдақ гүліне деген сұраныстың артатыны – анық жайт. Дегенмен флористика саласы жыл сайын түрленіп, қыз-келіншектерді қуантудың түрлі жолы жұртты таңғалдырып келеді. Біз де сол жаңалықтан қалыс қалмай, гүл дүкендерін аралап қайттық.

А Айсұлу СЪЕЗХАН

Биыл қызғалдақпен қатар, экзотикалық гүлдерге сұраныс артқан. Мәселен, ранункулюс, момоко, пиона тектес қызғалдақ, гортензия, эустома сынды гүлдер жастар үшін ерекше бағалы, бағасы да қымбатқа түседі, себебі мұның бәрі шетелден келеді. Астанада туған жерімізде өскен қызғалдақты табу да оңай болмады. Отызға жуық гүл дүкеніне хабарласып, ақыры Qyz-Zhibek гүл дүкенінен отандық өнімнің барын білдік. Дүкен иесі де қарапайым, отандық кәсіпке жана-шырлықпен қарайтын жан екен. Кәсіпкер Гүлжамал Сәулетқан қызғалдақты Алматыдан алдырамыз деп қуантып қойды. Дүкен ішінде сапырылысқан қалың адам, жұмыс қызу жүріп жатқаны көрініп-ақ тұр. Соған қарамастан, сала шеберлерін әңгімеге тарттық.

– Гүлді Голландия, Эквадор, Колумбия, Кения, Өзбекстаннан алдырамыз, қазір Қытайдан да келе бастады, биыл қызғалдақтарды Алматыдан алдырттық.



Қызғалдақ гүл, ҚЫЗҒАЛДАҚ ҚЫЗ ҚҰЛПЫРҒАН...

Алда отандық кәсіпті дамытып, Алматыдан жылыжай салсақ деген жоспар бар. Елдің онтүстігінде гүл өсіру кәсібін дамытсақ, бәрімізге де тиімді болмақ. Тауарымыздың 40 пайызын отандық өнім десек болады, соның өзі жетпей жатыр. Өзімізден алсақ, шетелдің гүліне жоламас едік, – дейді Гүлжамал ханым.

Қазір әлеуметтік желіде импорттық гүлдерге қатысты қызу талқы болып жатыр, көбі гүлдерді иіскеуге болмайды дейді, себебі шетелден келетін гүлдердің құрамында аллергия тудыратын химиялық қоспалар бар екен. Бұл жөнінде 30 жылдық тәжірибесі бар флорист Руслан Жиенбайұлынан сұрап білдік.

– Шетелден келген гүлдерді сабағы жуан, ұзын, сәнді және ұзақ уақыт сақтау үшін түрлі химиялық қоспамен өсіреді. Өзіміздің гүлдер табиғи, оларға химия қоспайды, сондықтан көлемі кішкентай болады.

Кейбір адамдарда аллергия болмаса, импорттық гүлдің адам денсаулығына аса зияны жоқ. Лилия деген экзотикалық гүлдің бір сортында өзіне тән өткір иісі болады, көп адамда лилия гүлінен аллергия бар, осыны ескеру керек, – дейді ол.

Маманның айтуынша, ақ, қызыл, қызғылт, күлгін түсті қызғалдаққа сұраныс артқан, ал сары қызғалдақ алатындар аза-йыпты.

– Жұрт 5-6 жыл бұрын сары қызғалдақты жиі алатын, ал қазір түсінік өзгерген. Көбі «сары қызғалдақты алудың керегі жоқ, ажырасуға әкеледі» деген секілді ақылға қонымсыз ұрымдар айтып жатады. Қызылды беруге болады, сарыны беруге болмайды деп бөліп-жаратындай заң жоқ, бастысы гүлдің саны тақ болса болғаны, – дейді Р.Жиенбайұлы.

Маманмен сөйлесіп отырып, қызғалдақты үйде күтудің де тәртібі барын ұқтық. Шетелден әкелінген қызғалдақ пен өз жерімізде өскен қызғалдақты күтіп-баптаудың айырмашылығы бар көрінеді. Флорист қызғалдақты үй жағдайында ұзақ сақтаудың да құпиясын айтты.

– Голландияға барып, қызғалдақ өсіруді өз көзімізбен көргенімізде, бір нәрсе байқадым. Онда қызғалдақтың басы кішкентай кезде кесіп алады да, жәшіктерге салып, тоназытқышқа орналастырады. Қызғалдақ сусыз және суық жерде 1 ай өседі, кейін экспортқа жібере бастайды. Бұл гүлді үйде көп уақыт сақтауға келмейді, себебі алдын ала кесіп тастады, сусыз жерде ұзақ жатты. Өзіміздің қызғалдақ сатуға жіберілместен бір апта бұрын ғана кесіледі, демек шетелдік гүлге қарағанда, өзіміздікі ұзақ сақталады. Қызғалдақ салқын суды сүйеді, суына жиірек мұз салып отырыңыздар, су қаншалықты салқын болса,

соншалықты ұзақ сақталады, – дейді ол.

Сонымен қатар қызғалдақтың түбін жиі кесуге болмайды, әйтпесе қауызы тез ашылады да, солып қалады екен. Сол себепті гүлдің түбін 3 күнде бір кесіп, салқын суда сақтаған жөн. Осындай қарапайым әдіспен гүлді кемі 8 күн сақтауға болады.

Гүл дүкеніндегі ғажап сұлулыққа қарап, көзіміз тойра емес. Алайда гүлдің шетелден келетіні бізді ойландырып қойды. Флористтің айтуынша, отандық гүл индустриясы шетелден 15-20 жылға артта қалып келе жатыр. Гүл өсірудің арнайы технологиясы жоқ, бұл кәсіпке мемлекет тарапынан қолдау

Миллиондаған гүлге соншама су керекін есептей беріңіз. Сабын гүл еш шығын келтірмейді, халық та мұны түсініп келеді, сыйға алған жандар қуанышын жасыра алмай, алғыс білдіреді, – дейді ерекше істің иесі.

Бекзат ханымның әр гүлді махаббатпен жасайтынын сездік, тіпті әуезді ән тындап отырып жұмыс істегенді ұнатады. Сол ән жүрекке жеткенде, әдемі туынды дүниеге келеді дейді.

– Қызық оқиғаны айтып берейін. Бір жігіт қызына ұсыныс білдіруге 51 раушан гүліне тапсырыс берді. Алғашында гүлдің түрін көрмеген еді, кейін қолына жеткенде, шынайы гүлден айырмасы жоқ деп қатты таңғалды, – дейді Бекзат ханым.

«ҚЫЗҒАЛДАҚТЫ ЖЕУГЕ ДЕ БОЛАДЫ»

Сабыннан жасалған гүлге таңғалмайтын шығарсыз, алайда зефирден жасалған гүлді көріп пе едіңіз? Зефир қызғалдақтың нәзіктігі сонша – жеуге қимайсың, бірақ бұл – жанадан шыққан ерекше тәтті. Анель Ержанқызы бұл іске кездейсоқ келгенін айтады.

– Шығармашыл жан болғандықтан, мені шабыттандыратын істі ұзақ уақыт іздедім. Былтыр құрбым мереке кезінде түймедік гүліне ұқсас тәтті сыйлаған. Оны анама көрсеткенімде, бала кезден бергі құрбысы зефирден гүл жасайтынын айтты. Мұндай бағыттың барын алғаш рет сонда естідім. Зефир гүлдерін шынайы гүлден ажырату қиын болады, оны жеуге болатынын білгенде, таңғалдым да, шабыттандым. Іздене келе зефир флористикасына қалам бастым, – дейді А.Ержанқызы.

Жұрт бұл сыйға құмарта да, қызыға қарайды. Сұраныстың көптігі сонша, Анель таңғы беске дейін гүл жасайды. Бүгінде оның бұл саладан тәжірибе алған жүзден аса шәкірті де бар.

– Жұмыстың маңыздысы – зефир массасын дұрыс дайындау. Зефир – өте нәзік әрі «қырсықтау» десерт. Бабымен қайнатпасаң, гүл формасын ұстамай, дұрыс шықпай қалады. Ал қызығы – адамдардың эмоциясын көру. Жұрт гүлдің жеуге болатын тәтті екенін түсінбей таңғалады, – дейді ол.

Маман тәттілерді тек табиғи өнімдерден дайындайтынын айтады. Үйде дайындаған зефирдің ерекшелігі, дүкендегі тәттілерге қарағанда, қант мөлшері әлдеқайда аз болады. Мұндай зефирді әрі кетсе, 7-10 күн сақтауға болады.

Зефир флористикасы – елде дамып келе жатқан жаңа бағыт, ал Украина мен Ресейде әлдеқайда жақсы дамыған. Не дегенмен, гүл индустриясы әлі қаншама жаңалық сыйлайтынына сенеміз.



болса, бәсекеге лайықты болар едік дейді.

ҒҰМЫРЫ ҰЗАҚ САБЫН ГҮЛДЕРІ

Мереке қарсаңында сабыннан жасалған гүлдердің де саудасы жүріп тұр. Шынайы гүл бірнеше күнде солып қалса, сабын гүлдің ғұмыры ұзақ, сондықтан да жастар мұндай гүлдерге қызыға бастаған. Біз ел арасына сабын гүлін насихаттап жүрген Бекзат Темірханқызымен тілдесіп қайттық.

– Заман талабына сай болу оңай емес. Бүгін жасаған бұйымның сұраныста болады, ал біраз уақыттан кейін басқасы орнын басады, сол үшін үнемі ізденісте жүруің керек. Біреулер себеттегі гүлді ұнатады, бірі құшақ-құшақ гүлді жақсы көреді. Бұл істі қолға алуымың себебі – табиғатқа шығын келтірмеу. Бір раушанды өсіру үшін кемі 25 литр су қажет.

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Наурыз НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4714
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,